

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор: Оспанова Б.Қ. – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры

Редактор: Нұрсейтова А.Н. – Ұйымдастыру-аналитикалық жұмыстар қызметінің жетекшісі

Құрастырушылар: Рахимжанова Г.Т. – Ғылыми-әдістемелік қызметінің топ жетекшісі, Кривков А.Л. – т.ғ.к., Ғылыми-әдістемелік қызметінің кітапханашысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының реферативтік журналы – қазақстандық, сондай-ақ шетелдік авторлардың Қазақстан туралы жариялаған еңбектерінің рефераты негізінде құрастырылатын ақпараттық жалғасты басылымның нұсқасы.

Рефераттар жазу үшін ҚР Ұлттық кітапханасының қорына қазақ және орыс тілдерінде келіп түскен құжаттар: монографиялар, мерзімді және жалғаспалы басылымдар, конференция материалдары, ғылыми мақалалар жинақтары және басқа да баспа басылымдар пайдаланылады.

Рефераттар Мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттардың рубрикаторы (МҒТАР) және Әмбебап ондық жіктеуге (ӘОЖ) сәйкес орналастырылады және рефератталатын құжаттың библиографиялық сипаттамасын, ӘОЖ кодын және МҒТАР айдарының кодын, реферативтік журналдың шыққан нөмірі мен жылын, рефераттың реттік санын қамтиды. Мәселен, ӘОЖ 1. 02.01.21.001. жазбасы мынаны білдіреді: 1 – ӘОЖ коды (Философия). 02 – МҒТАР айдары (Философия). 01 – Реферат журналы шығарылымының нөмірі. 21 – (2021 жылы шыққан). 001– (Рефераттың реттік нөмірі).

Реферативтік журналдың құрылымы негізгі бөлімнен, яғни реферат мәтіндерінен, сонымен қатар Есімдер көрсеткішінен, Рефератталатын материалдардың дереккөздер тізбесінен тұрады. Мазмұнында журналдың тақырыптық құрылымын көрсететін МҒТАР айдарларының бөлімдері мен кіші бөлімдері берілген.

Реферативтік журнал Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сайтында www.nlrk.kz орналастырылады.

ҚР Ұлттық кітапханасының реферативтік журналы электронды форматта шығады (6-серия: «Қоғамдық ғылымдар» жылына екі рет; 7-серия: «Мәдениет. Тіл білімі. Әдебиет. Өнер» – жылына бір рет шығады).

Реферативтік журналдың «Қоғамдық ғылымдар» 6-сериясының 1-ші шығарылымында тарих, археология, этнография, элеуметтану, демография, заң, саясат және басқа ғылымдар бойынша рефераттар ұсынылған.

Реферативтік журнал зерттеушілерге, ғылыми қызметкерлерге, кітапханашыларға, ЖОО оқытушыларына, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, сонымен қатар, Қазақстан туралы жаңа әдебиетке қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

Редакция алқасы реферативтік журналдың мазмұны жөніндегі ескертулер мен ұсыныстарды мына мекен-жайға жіберуді өтінеді: 050013, Алматы, Абай даңғылы, 14, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Ұлттық библиография қызметі, тел.: +7(727)267-28-63, e-mail: nbibliografia@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

РЕФЕРАТИВТІК ЖУРНАЛ

Қоғамдық ғылымдар

№ 1

Алматы, 2021

02 ФИЛОСОФИЯ

ӘОЖ 1

02.01.21.001. **Бақытқа жету жайында** / Әбу Насыр әл-Фараби ; араб тіліне аударған және түсініктеме берген Ж. Сандыбаев. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 68 б. – (Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына - 1150 жыл).

Қазақ даласынан шығып, халқымыздың мақтанышына айналған әл-Фараби бұл трактатта адамның бақытқа жетуі үшін қажетті теориялық, ойшылдық және этикалық ізгіліктерімен қатар практикалық ғылымдармен таныстырады. Ғалым қоғамдағы және жалпы адам өміріндегі тәлім мен тәрбиенің маңызын түсіндіреді, «кемел адам», өмірдегі «асқақ мақсат», «үлгілі басшы», «имам», «шынайы философ» т.б. секілді тұжырымдарын жан-жақты зерделейді. Ең маңыздысы, данагәй ғалым өзінің «Мемлекетті басқаруы тиіс тұлға, ол – шынайы философ» деген мәшһүр концепциясын осы трактатта баяндаған. «Китаб тахсиль ас-са ада» - «Бақытқа жету жайында» деп аталатын бұл кітап қазақ тілінде екінші мәрте жарық көріп отыр. Алғашқы кітабы «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» (А., 1975. - 295-372 б.) атауымен шықты. Аударманың өзіндік ерекшелігі – араб тіліндегі нұсқадан қазақ тіліне алғаш рет аударылғанында кітаптың бөлімдері пайда болды, әр бөлімге тақырыпшалар берілді, кітаптың мазмұны қалыптасты, аударма мүмкіндігінше араб тіліндегі нұсқасына жақындатылды, кейбір философиялық ұғымдарға түсініктемелер берілді. Трактат араб тілінде бірнеше рет жарық көрген. Олардың ең алғашқыларының бірі Хайдарабат қаласында 1926 жылы жарық көрген, кейін екінші басылымы 1981 жылы Бейрутта басылып шықты. Бұл трактат қолжазба ретінде Дамаскіде (Сирия), Британия музейінде (Англия) сақталған. «Китаб тахсиль ас-са ада» (Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатуль-хиляль, 1995.- 25-102 б.) трактатын араб тілі негізінде Әли Бумильхам әзірлеген.

Кітап алты бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде теориялық ғылым туралы, оларды әл-Фараби теориялық ізгіліктер деп атап, «теориялық ізгіліктердің түпкі мақсаты - өмірде бар нәрселерді рационалды қамтып, сонымен ғана көз жеткізетін білімдер» деп көрсетеді.

Теориялық білімдер екі бөлімнен тұрады: алғашқы білімдер және үйрену арқылы келетін білімдер. Алғашқы білімдер - адам әуел бастан көңіліне тоқыған білімдер, олардың ішінде тексеру, зерттеу, үйрену, оқу арқылы келетін ғылымдар бар, олар болмыс

пен білім бастамалары, болмыс бастамалары төртеу: форма, материя, қозғаушы және мақсат.

Үйрену арқылы келетін білімдер - математика, табиғат туралы ғылым, метафизика ғылымы мен азаматтық ғылым. Математика ғылымы арифметика, астрономия, музыка ғылымына, салмақтарды өлшейтін ғылымдарға бөлінеді.

Математикаға қатысты әл-Фараби: «Сан мен шаманы қамтитын ғылым - математика. Ол саны бар шамаларды зерттейді, санның арқасында болатын барлық қасиеттері тұрғысынан осы шамаларды: аумағын, реттілігін, үйлесімділігін, жүйелілігін қарастырады» дейді.

Табиғат туралы ғылым – денелерді, денелерді құрайтын заттарды қарастырады: аспан денелері, су, ауа, жер, жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, жалпы тіршілік иелері. Бұл тарауда автор жануарлар болмысының бастамаларын тексере келе, жан жүйесін қарастыруға шақырады. Метафизика ғылымы туралы бөлімде физиканың артында тұрған болмыстарды зерттеуге кірісетінін айтады.

Бірінші бөлімді азаматтық саясатпен аяқтайды. Екінші бөлім этикалық ізгіліктен басталады. Үшінші бөлім ойшылдық ізгіліктер турасында, төртінші бөлім «ізгілік дәрежелері мен ондағы табиғаттың алатын орны» деп аталады. Бесінші бөлім тәлім мен тәрбие туралы, алтыншы бөлім философия ғылымына арналады, ол мынадай тақырыптардан тұрады: философия және дін, шын философ және Платон мен Аристотель философиялары.

әл-Фараби тәлім мен тәрбиенің арасын «тәлім – дегеніміз халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарытады, ал тәрбие дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту» деп ажыратады. «Тәлім – тек сөз арқылы, ал тәрбие – сөз де, әрекет те арқылы жүзеге асады, яғни тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекеттер жасау дағдысы сіңіріледі де осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі», - деген қорытынды жасайды.

Р.К. Мыспаева

ӘОЖ 1

02.01.21.002. **Қазақ эстетикасының теориясы мен тарихы** : оқу құралы /А.Алимжанова. – Алматы : Лантар Трейд, 2020. – 287 б.

Оқу құралының негізгі тұжырымдары мен қағидалары елімізде эстетика, мәдениеттану, өнертану, философия пәндерін оқытуда және қазақ халқының эстетикалық мәдени мұрасына байланысты қазіргі кезеңге қатысты арнаулы курстарды дайындауға көмегін береді.

Антологиялық ұстаным бойынша құрастырылған бұл кітап үш бөлімнен тұрады. Кітапта қазақ эстетикасының типтік белгілеріне, қазақ көркем өнерінің қалыптасуының басты кезеңдері мен тұлғаларына, философиялық мәселелеріне арналған. Кітап Қазақстан мәдениеттанушылары, эстетиктері, өнертанушылары мен философтарының зерттеу ізденістерінен тұрады.

Автор тақырыпты ауқымды үш тарауға топтастыра отырып, жан-жақты қарастырады. Көркем мәдениет – адам рухани болмысының мәйегі ретінде түсіндіріліп, мәдениеттің ұлтты, сол ұлттың басын құрып отырған мемлекетті қорғайтыны, ол ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтіні айтылған.

Сондай-ақ, эстетикалық мәдениеттің құрылымы мен түрлері сипатталып, қазақтың дәстүрлі көркем мәдениетінің: халықтың аспаптық өнері, ән өнері, ауызекі шығармашылығы, сәндік-қолданбалы өнері, биі сияқты құрамдас компоненттері туралы түсініктеме берілген.

Өнер әлемді және әлемдегі адамды тану құралы турасында автор бірнеше тақырыптарға терең тоқталып, өнер, рәміз, музыка, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, ою-өрнек сырларын ұғындырады.

Қазақ эстетикасының тарихына үңіле отырып, автор: «Қазақ халқының эстетикалық көзқарастары көп жағдайда оның этикалық түсініктерімен тығыз байланыста. Халық өзінің эстетикалық сезімдерін білдіруде көбінесе оларды еңбекке, адамзаттық борышын адал орындауға, азаматтық қажыр-қайрат көрсетуге және т.б. шақыру түрінде көрсетеді», - деп атап көрсетеді.

Қазақ ағартушы-демократтарының эстетика мәселелеріне арналған арнайы еңбектер қалдырмағаны белгілі, бірақ олардың қоғамдық-саяси, ғылыми және әдеби еңбектерінде қазақ халқының эстетикалық мәдениетінің дамуы мәселелеріне үлкен назар аударғаны баяндалады.

Сонымен қатар, оқу құралында көшпелілер мәдениетінің ерекшеліктерін тану оны тұтас, жүйелі құбылыс ретінде ғылым категорияларында суреттеуді, оның пайда болуының қайнар бұлағын ашуды білдіретіні атап көрсетілген.

Автордың оқырман назарын аударатын ой-толғамдары: дүниені көркем игеру, қазақтың аспапты мәдениетінің кейбір эстетикалық мәселелері, қазақтардың дәстүрлі музыкасының ерекшелігі, ХХ ғасырдағы қазақ эстетикасындағы үрдістер тақырыптарында әдемі үйлесім тапқан.

Кітап оқушылар мен студенттерге, магистрлер мен докторанттарға, жалпы қазақ эстетикасына қызығушылық білдірушілерге арналған.

А.Н. Шуленбаева

ӘОЖ 1

02.01.21.003. **Мәдени-философиялық энциклопедия** / әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық ун-ті ; құраст. Т. Ғабитов ; мақалалар авт.: Ә. Әлімжанова, Қ. Бағашаров, Қ. Затов, т.б. – Алматы : Лантар Трейд, 2019. – 279 б.

Қазақстанның рухани мәдениеті мен философиясына арналған энциклопедияда дінтану, мәдениеттану мен философия ғылымдары салаларында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде рухани мәдениетпен байланысты ең маңызды ұғым-терминдер мен мәдени ескерткіштер туралы мәлімет жүйелі энциклопедиялық түрде берілген.

Бұл энциклопедия авторлардың ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің: «Қазақстан-2050» стратегиясы мәтінінде Қазақстандағы жаңғыру үдерісіндегі мәдени ескерткіштердің орны мен рөлі» атты ғылыми жобасының аясында жарыққа шықты.

Энциклопедияның мақсаты – еліміздің 25 жылдық тәуелсіз кезеңі тарихында қалыптасқан көпәтносты қазақстандық қоғамдағы ұлттық мемлекеттілікті нығайтушы ұлттық рухани мәдени дәстүрлерді кешенді зерттеу арқылы әдістемелік талаптарға сай анықтаманы дайындау. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық рухани мәдениет – сол халықтың дәстүрлі дүниетанымын, тарихи-мәдени және этика-эстетикалық ұстанымын, тілі мен ділін, болмыс-бітімін айғақтап, әлемдік өркениеттегі орнын айқындайтын рухани құндылықтар мәйегі деп тұжырымдады.

Қазіргі тарихи кезеңдегі Қазақстанның тәуелсіздігі рухани мәдениетіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының рухани қайта өркендеуі өзінің шынайы тарихын пайымдау арқылы, төлтума мәдениеті мен ұлттық философиясын қайта түлету арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағытта Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Қазақстанның сакральды мәдениетінің» маңызы зор. Осы тұрғыда бұл еліміздің қоғамдық-гуманитарлық білім саласына, оның ішінде ұлттық философиясы, мәдениеттану және саясаттану ғылымдарына келелі міндеттер жүктейді. Аталмыш еңбектің ғылыми өзектілігі де осында.

Бұл энциклопедияның Қазақстан халқын біріктіруші ұлттық идеясын пайымдаудағы сипаты көпәтносты халқымыздың бірлікте өмір сүруіне, еліміздегі рухани және әлеуметтік кеңістікті жаңғыртуға өз үлесін қосатындығына сеніміміз мол. Осындай

мақсатқа жету үшін мынандай міндеттер шешілуі тиіс: әлемдік классикалық және қазіргі заманғы мәдениеттанулық және философиялық ойдың негізгі ұғымдарына түсіндірме беру; гуманитарлық ғылым саласы ретіндегі рухани мәдениет терминдерінің мәнін ашып, жан-жақты түсініктеме беру; қазақтың және басқа этнос өкілдерінің дәстүрлі рухани, сондай-ақ материалдық мәдениетіндегі ұғым-түсініктерді сипаттап, олардың мәндік-мағыналық негіздерін зерделеуден өткізу; қазіргі және дәстүрлі қазақ қоғамындағы негізгі әлеуметтік-саяси ұғымдардың мәнін ашу.

Энциклопедияның теориялық және қолданбалы нәтижелерін мәдениеттану, философия және дінтану пәндері бойынша студенттер мен оқытушылар, магистранттар және ғылыми қызметкерлер, рухани мәдениетті зерттеуші мамандар мен жалпы оқырман қауым пайдалана алады. Энциклопедияда мақалалар әліпби тәртібімен орналасып, ұғым-терминдер қою бояулы бас әріптермен жазылған. Бір мағынадағы ұғымдардың қатар қолданылып жүрген бірнеше атаулары болса, алдымен ғылымда қолданылып жүрген негізгі атауы берілді де, екінші атауы жанына сиретілген әріптермен жазылған. Энциклопедияда жиі қайталанатын сөздерге қысқарту жүйесі қолданылған. Авторлар бұл энциклопедияда қазақтар туралы және олардың діни наным-сенімдері, дәстүрлі шаруашылығы, киімі, тағамдары және салт-дәстүрлері жайлы жеткілікті деңгейде түсіндірмелер береді.

Жалпы оқырман қауым үшін бұл энциклопедия әрбір ұлттың, ұлттық мәдениеттің гуманитарлық салалары бойынша толық қолжетімді анықтамалық сөздігіне айналады. Ол тек тілдік қорды нығайтып қана қоймай, сонымен қатар жалпы дүниетанымдық көкжиекті және қазақ тілінің рухани ауқымын кеңейтеді, қоғамда ұлтаралық қатынастардың нығая түсуіне өз үлесін қосады.

Қ.М. Изамбекова

ӘОЖ 1

02.01.21.004. **Орта ғасыр Шығыс философиясындағы басқару мәдениетінің адамгершілік негіздері:** монография / Ж. Сандыбаев. – Толықтырылған 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 142 б.

Бұл монографияда орта ғасыр Шығыс ойшылдары әл-Фараби, ибн Сина, әл-Газали, ибн Баджа және ибн Халдун сияқты ғалымдардың ілімдері бойынша мемлекетті басқару мәдениеті, басқарушылық әдістері, сондай-ақ қоғамдық мораль, этика, эстетика, құқық нормалары мен қағидаларына сай келетін басқару әдістері қаралады. Адамгершілік құндылықтар зерделеніп, билік пен халық арасында болуы тиіс қарым-қатынас, әдептілік ережелері сараланады.

Монографияның негізгі тақырыбы – жоғарыда аталған ойшылдардың мемлекет, қоғам, билік саясаты, басқару туралы ой-толғамдарының ықшамдалған нұсқасы.

Мемлекетіміз қазіргі бастан өткеріп отырған мәдени-тарихи кезеңде Батыс пен Шығыстың, дәстүрлілік пен қазіргі заманның арасын саралау және батыстық дүниетаным мен шығыстық құндылықтардың күшті жақтарын біріктіру – заман талабы, жаһандану құбылысы кіші мәдениеттерді қармап, қоғамда ғасырлар бойы қалыптасып келген дәстүрлі рухани құндылықтар жойып бара жатқан заманда гуманистік қайнар көздерге, адамгершілікке қайта оралудың қажеттілігі арта түсті.

Рухани құндылық – адамның негізгі байлығы. Орта ғасырдағы мұсылмандық Шығыстың басқару мәдениеті мен рухани-адамгершілік мазмұнын көрсететін әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Хамид әл-Газали сияқты ұлы ойшылдардың билік философиялары осындай құндылықтарды қамтыған.

Монография 3 тараудан және қосымша тараулардан тұрады. әл-Фарабидің мемлекеттік билік философиясының негізгі мәселелері, Ибн Синаның әлеуметтік басқару философиясы, Әбу Хамид әл-Газалидің басқару мәдениеті тұжырымдамасындағы адам

және қоғам туралы тараулардан, қосымша бөлімшелерден, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен глоссарийден тұрады.

әл-Фарабидің мемлекеттік билік философиясының негізгі мәселелері атты бірінші тарау тармақшаларға бөлінген. әл-Фарабидің бірінші басшы туралы ілімінде азаматтық қоғамды басқара алатын адамның бойында парасаттың мол болғаны дұрыс. Себебі, мемлекеттегі, қоғамда болып жатқан көптеген құбылыстардың себеп-салдарын айқындауға күш салады. Ақыл-парасат қызметі арқылы мақсаттылық сипат алады, мақсатқа жету жолдары табылады. Өз қабілетін шындай алған, өзгемен бірлесе де, біріге алады. әл-Фараби бірінші басшыны бір жерде «имам» десе, келесі жерде «патша», «әкім» немесе «философ» деп атап отырады. Нағыз әкім – кемел тұлға, саяси өмірдің тірегі мен қозғаушы күшінің иегері. Кейінгі басшылардың берекесі мынадай үрдістермен құралмақ: дана болу, заң, ереже, әдет-ғұрыпты білу; өздігінен тәртіпті орындау және орнықтыру, заң шығара білу; басқару күш-қуатының мол өнерін икемдеу деген ойын баяндайды. Басшы қоғамды бақытқа бастауы үшін, әуелі қоғамның өзі қол жеткізуі тиіс төрт ізгілікті атап өтеді: олар теориялық, ойшылдық, этикалық, және практикалық өнерлер.

Ибн Синаның әлеуметтік басқару философиясы туралы екінші тарауда адамның өмірде ұмтылуы тиіс төрт негізгі ізгілікті анықтайды. Бұларды өз ойынан тапқан адам басшы бола алады: абырой, батылдық, даналық және әділеттілік. Оларға нәпсіні тыю жолымен қол жеткізуге болады, абыройға жету үшін көрсеқызарлық пен құмарлықтан арылу, батылдыққа жету үшін ашудан арылу керек. Даналыққа жету үшін, айырушы күштерді егу және тәрбиелеу қажет, ал әділеттілік бұл күштердің бүкіл жиынтығын тәрбиелеуді білдіреді.

Әбу Хамид әл-Ғазали басқару мәдениеті тұжырымдамасындағы адам және қоғам туралы үшінші тарауда адамның қоғамда еркін ғұмыр кешуі және қарым-қатынасты жоғары деңгейде реттеп отыру үшін ислами құндылықтарға негізделген жүріп-тұру (этикалық) тұжырымдамасын ұсынады. Бұл мұсылман ойшылының адам, қоғам және мемлекет іліміндегі адамгершілік құндылықтар философиясынан анық байқалады. Мысалы: сұхбат, ұстаздық қылу, дос болу, жол жүрудің және шәкірт болудың негіздері. Адам бұларды ғұмыр бойы басшылыққа алуы тиіс.

Р.К. Мыспаева

ӘОЖ 1

02.01.21.005. **Шәкәрімнің Үш анығы** / Д. Омаров. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2020. – 190 б.

Шәкәрімнің «Үш анығы» еңбегінде болмыстың терең мәні түсіндіріліп, кімге болса да өзінің өмір мақсатына жетуіне жол ашады. Әсіресе, рухани тапшылық көріп отырған қазіргі заманда бұл шығарманың өте үлкен маңызы зор.

Анық білімді ажырату үшін оның қасиеттерін білу керек. Оның қасиеттері – мәңгілікті, өзгермейтін және мінсіз. Бірінші анық – сезім мүшелері қабылдайтын болмыстың заттық көрінісі. Бірақ болмыстың бұл көрінісі ақиқат емес, яғни толық болмысты білдірмейді. Екінші анық – өлімнен соңғы тіршілік, яғни болмыстың көзге көрінбейтін бөлігі. Болмыстың бұл бөлігі эзотерикалық, көзге көрінбейтін әлемге жатады. Ал үшінші анық – екі өмірге де, яғни көзге көрінетін заттық әлем мен көрінбейтін әлемге де керек – ұждан. Ұждан немесе ұят жан қасиеті. Ал бұл адамның рухымен байланысты.

«Осы дүниеде көзге ілінбейтін кішкентай жандылардан бастап адамдарға шейін бәрі өзі һәм нәсілдерінің жақсылықта болып өсіп-өнуіне қам қылады. Мұны – «барлық таласы» дейді. Бұл – жаратылыстың берік жолы. Сондықтан барша адам шамасына қарай қай бірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық, бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады».

Шәкәрім әрі қарай жанды жоққа шығарушылардың биология тұрғысынан берген дәлелін келтіреді. Бұл дәлелдің құдіреттілігі соншалықты, оның қазіргі кезде тіпті материалдық көзқарастың негізгі тірегінің біріне айналғаны белгілі. Бұл тұқымдастық

жолы еді. Шәкәрім бұл туралы: «Олардың және бір дәлелі – тұқымдастық жолы еді. Мұны жаратушы мен жан жоқ деген туралы дәлел қылудан гөрі жаратылыстың сыры туралы айту керек еді. Тұқымдастық жолы бойынша барша адам, хайуан, өсімдіктер басында су хайуанынан тараған. Су хайуаны жерге шығып, сонан өзгерген және бір-біріне ұқсас хайуандар, адамдар бірі бірінен туып өзгерген дейді».

Тұқымдастық жолы – бір жан иесі эволюция барысында екінші жан иесінен пайда болды дейтін ағылшын натуралисі Чарльз Дарвин жасаған материалистік теория. Ч. Дарвин бірнеше теория шығарды, оның бірі тіршілік түрлері туралы. Түр дегеніміз бірнеше ұрпақ бойы өзгермей, бір тип құрайды. Бірақ қоршаған табиғаттың әсерімен, тіршілік үшін күрестің нәтижесінде тип өзгеріске түсіп, басқа түр, яғни басқа тіршілік иесі пайда болады.

Екіншісі, жетілу теориясы. Бұл теория бойынша әрбір тіршілік түрі қоршаған табиғат жағдайларына икемделіп, тіршілік үшін күресте біртіндеп өзгеріске түседі. Табиғатта өмір үшін күрес үнемі жүріп жатады. Бұл күресте тек қана күшті, ақылды, яғни жетілген тіршілік иелері жеңіп, ал әлсіздері жойылып отырады. Осылай табиғи сұрыпталудың нәтижесінде табиғат жетіледі және көптеген жаңа түрлер пайда болады. Ч. Дарвин эволюция теориясын да жасады. Бұл теория бойынша табиғатта ең төменгі түрден жоғарғы түрге қарай өзгерістер үнемі болып жатады. Осылай эволюциялық процестің нәтижесінде маймылдан адам пайда болды дейді.

Бірақ Шәкәрім Ч. Дарвин теориясымен келіспейді. Бұл туралы ол былай деп жазады: «Мұның тәңірі мен жан туралы керегі аз болса да, бұл туралы ойымды айтайын. Ең түпкі Жаратушы туралы болмаса, барша өсіп-өнгендерді түрлентіп шығарып жатқан жаралыс жолы екеніне еш сау ақыл таласпайды. Бірақ біріне-бірі ұқсағандардың бәрін мынау мынадан туып өзгерді дей беруді менің ақылым қабыл алмайды».

«Ең түпкі Жаратушы туралы болмаса», - деп Шәкәрім Жаратушының өзгермейтінін және табиғат заңдылықтарынан тыс екенін білдіреді. Ал табиғатта Жаратушыдан басқа барлық өсіп-өніп жатқан жан иелері өзгеріске түседі.

Қ. Қарабаев

03 ТАРИХ. ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 93/94

03.01.21.006. **Абылай хан. Замандастары және ұрпақтары** / Қ. Әбуев. – Алматы : Лантар Трейд, 2020. – 330 б., сур.

Монографияда Орталық Азия мен Қазақстанның аса ірі мемлекеттік тұлғасы – Абылай ханның қайраткерлік қызметі жан-жақты зерттелінген. XVIII ғасырдың драмалық оқиғаларға толы тарихы Қазақстан тарихына Абылай дәуірі ретінде енді.

Монография екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім төрт тараудан тұрады. Бірінші бөлімде Абылай хан мен оның серіктерінің қазақ халқының жатжерлік басқыншыларға қарсы күресін ұйымдастырудағы, қазақ-қытай қатынастарының қағидаттарының негізін салудағы рөлі қарастырылған. Абылай ханның мемлекеттік қызметі берілген. Екінші бөлімде Абылай хан мен оның ұрпақтарының өмірі көрсетілген.

Осы кітапты жазуға «Ресей мемлекеттік көне актілер архивінен» алынған келесі құжаттар мен материалдар қолданылды: «Қырғыз-қайсақ істері», «Сенаттың 1-ші департаменті», «Жоңғар істері». Бұл архив қорларында Ресейдің XVI ғ. соңынан бастап, XVIII ғ. басына дейінгі Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы дипломатиялық байланыстар тарихы қамтылған. Омбы мемлекеттік архивінде келесі материалдар мен құжаттар қаралып, пайдаланылды: Қ.1 (Сібір корпусының бас қолбасшысы әскери-жорық канцеляриясы). Қ.2 (Сібір генерал-губернаторы канцеляриясы). Қ.3 336 (Г.Е. Катанаев).

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қорлары пайдаланылды. Бірқатар маңызды материалдар Солтүстік Қазақстан облыстық архивінен,

атап айтқанда 158 қордан алынды (Жергілікті орыс әкімшілігінің қазақ даласымен қарым-қатынасы), жергілікті өлкетанушы М.И. Бенюхтың жеке қоры, Көкшетау өлкетану мұражайының архив материалдарының көшірмелері пайдаланылды.

Архив қорларынан басқа белгілі бір дәрежеде патша билігі уақытында жарияланған әртүрлі құжат жинақтары, сонымен бірге кеңес дәуіріндегі материалдар зерттелінді. Осы тақырыпқа қатысты 400-ден астам құжаттардың көшірмесі енген «қазақ-орыс қатынастары» мен басқа да жинақтар зерделенген.

Жұмысты жазу барысында қазақтың Абылай хан турасындағы шежіре-деректері кеңінен қолданылды. Архив-мұрағаттардан алынған деректер көп жағдайда көптеген тарихи оқиғалардың барынша толық мазмұнын, сипаттарын ашу үшін белгілі ақын-жыраулардың шығармаларындағы деректерімен салыстырылып, қарастырылды.

Абылай хан өзінің саяси қызметін бастаған XVIII ғ. 30-шы жылдар Қазақстан біртұтас мемлекеттілігінен айырылған ел болатын. Қазақ хандығы үш жүзге бөлініп, олар өз кезегінде әрқайсысы өз рубасылары мен билері басқаратын кішігірім ұлыстар мен аймақтарға бөлшектеніп кетті. Өз хандары мен сұлтандары, би-старшындары басқаратын жүздер мен ұлыстар бір-біріне мүлде тәуелсіз иеліктерге айналды. Аймақтар арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуі, көшпелі өмір-салты, қазақ қоғамының күрделі ру-тайпалық құрылымы осының барлығы орталықсыздану, саяси ыдырау үдерістерін жеделдетті. Осындай көңіл-күйге әдетте жел беретін белгілі бір ірі ру-тайпа көсемдері еді, олар қалыптасқан жағдайды пайдаланып, әлдебір атаққұмар, жолы болмай жүрген төре өкілін хан сайлап алуды әдетке айналдырды. Мәселен, Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері Болат хан мен Әбілмәмбеттің тұсында осындай жағдай орын алып, 1720-1730 ж. бір мезгілде Әбілқайыр, Сәмеке, Тұрсын, Күшік тағы басқалары хан лауазымын иеленді.

Қазақстанды бір орталыққа бағынған күшті мемлекетке айналдыруды көксеген Абылай өзі 1771 жылы Жалпықазақ ханы болып сайланғаннан кейін, ру-тайпа көсемдерінің сепаратизмімен аяусыз күрес жүргізді. Қазақ тарихының алдыңғы даму тарихында ел басқару жүйесінде бүтіндей бір әлеуметтік страта қалыптасқан болатын, олардың өкілдері Шығыс тұқымдары ел басқарушылардың ерекше тобын – төрелерді құрады. Сол себепті, билеушілер ротациясын Абылай хан өзіне жақын және оның сеніміне ие болған, өзіне шын берілген сұлтандар есебінен жүргізді. Олардың қатарында оның өз ұлдары Уәли, Әділ, Шама, Тоғым, Сүйік, Қасым сұлтандар және туысқандары Әбілпайыз, Сұлтанмәмет, Бөрі, Болат, Есім т.б. болды.

Мемлекетте тұрақты табыс көздерінің болмауы Абылайға тұрақты үлкен әскер ұстауға мүмкіндік бермеді, бірақ оның есесіне батырлары Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Құлсары, Құдайберді-Жәпек, Малайсары, Есет, Наурызбай, Баян, тағы да басқалары қол астында ханның бірінші талабымен жорыққа аттануға әрқашан әзір, әскери іске әбден үйретілген әскер жасақтарын ұстады. Абылайдың аса маңызды арқа сүйер әлеуметтік тобына қолбасшы-батырлар жатты. Сонымен бірге, батырлар, сұлтандар Абылайдың тапсырмасы-мен түрлі миссияларды атқарды, елшілік жұмыстарды жүргізді.

1741 жылы Абылай хан жоңғар тұтқынына түскенде оның төрт әйелі болғаны, бәйбішесінен екі қыз туғаны белгілі. Ал Уәли оның екінші әйелі, Қарақалпақ бегінің қызы Сайманнан туған хан ұлдарының ең үлкені еді. Көзінің тірісінде мұрагерлікке балаларының бірін сайлау мақсатымен құрылтай жинатады. Қалыптасқан дәстүр бойынша оның тағына тұла бойы тұңғышы Уәли отыруы тиіс болатын. Алайда, Абылай Қасым төрені ұсынады. Бірақ ру басылары мен би-батырлардың көпшілігі оны менмен, өркөкірек дөрекі деп қабылдамайды. Дана хан ел арасында алауыздық туғызбау үшін хан тағына мұрагер сайлауды кейінге қалдырады. 1781 жылдың мамыр айында Абылай хан өмірден озған соң, оның асында Уәли сұлтан мұрагерлік жолмен таңдалып, хан сайланады.

Ұлы ағартушы ғалым Шоқан Уәлиханов және ауыз әдебиетінде аты аңызға айналған Кенесары Қасымов (1802-1847 ж.) та атақты Абылай ханның немересі. Кенесарының інісі Наурызбай батыр жайлы мағлұматтар бар. Сұлтанғазы – Уәлиханов Шыңғысхан ұрпағы, атақты Абылай ханнан тараған, Уәли ханның шөбересі, Көкшетау дуанының тұңғыш аға сұлтаны Ғұбайдолланың ұлы Болаттың отбасында дүниеге келген. Сұлтанғазының барлық әскери, қоғамдық және саяси қызметін тұтастай құрастыру әзірге әлі мүмкін емес. Алайда,

қолдағы осы аз деректердің өзі осы бір ғажайып жанды, өз жұртының тамаша патриоты деп есептеуге мүмкіндік береді деуге болады.

Қорыта айтқанда, Уәлихановтар отбасы – Шоқан Уәлиханов, Ғұбайдолла мен Шыңғыс Уәлихановтар, ханша Айғаным – халқымыздың саяси және мәдени өмірінде өшпес із қалдырған адамдар еді.

М.Қ. Ташимбетова

ӨОЖ 93/94

03.01.21.007. **XX ғасырдың басында Европаға оқуға жіберілген түркістандық жастар** / Ө.Қожақұлы, А.Қадыров // Қазақстанның аграрлық тарихының мәселелері: дәстүр, тәжірибе, әдіснама : халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (12-13 желтоқсан, 2019 жыл). – Атырау, 2019. – 126-129 б. – Библиогр.: 7 атау.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін үкімет басына келген большевиктер Түркістандағы ұлттық мемлекетті құлатып, орнына отарлық мемлекет орнатты.

Түркістан автономиялық республикасының басшылары Тұрар Рысқұлов, Абдулла Рахымбаев пен Бұхара Халық Республикасының басшысы Файзулла Қожаев сынды қайраткерлер бұл отаршылдықтан құтылудың бірден-бір жолы елдің білімі мен мәдениетін көтеру деп түсінді. Коммунистік идеологияның шырмауында жүрсе де ұлттық мүддені жоғары қойған қайраткерлер шетелге аса қажетті мамандықтар бойынша 1921 жылы

7 майда өткен Түркістан Автономиялық Республикасының білім комиссариаты шешімімен 10 өзбек, 10 қазақ, түрікменнен 5 адамды оқуға жіберу мәселесін көтерді. Нәтижесінде Кеңес Үкіметінің Сыртқы істер министрі А.В. Луначарскийдің рұқсаты бойынша 70-ке жуық студент Германияның түрлі оқу орындарына химия, электроника, былғары өңдеу, пәлсәпа, педагогика мамандықтары бойынша оқуға аттанды.

Қолда бар ақпараттармен Көшім Есмағамбетов, өзбекстандық зерттеуші Шерали Турдиев анықтаған дереккөздерді қарастыра келе, автор Германияда студенттердің жетеуі өзбек, төртеуі қазақ, бесеуі түрікмен, біреуі яхуди болса, бұған қоса он мыңға жуық орыс болғанын нақтылайды. Сонымен бірге Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағатынан алынған деректер бойынша Ғазымбек Бірімжанов, Әбдірахман Мұңайтпасов, Дамолла Битілеуов, Сабыр Танашевтың аты-жөнін келтіреді.

Ташкентте жарық көріп тұрған «Ақ жол» газетінде Германияда оқуда жүрген студенттердің әлеуметтік жағдайына тұрақты көңіл бөлініп тұрған, мақалаларға шолу жасай келе кезінде өнер кеші ұйымдастырылып, одан түскен қаржыдан студенттерге қолдау көрсетілгенін анықтайды.

1923 жылы қыркүйек-қазан айларында Германиядағы студенттердің жағдайымен танысып қайту үшін Тұрар Рысқұловтың басшылығымен делегация жіберіліп, Халық Комиссарлары отырысында арнайы жай-күйі қаралып, оларға ақша қажеттігі айтылды. Бұл студенттер заманының озық ойлы, жалынды да жайдары азаматтары еді. Бірақ, өздері қалаған мамандықтарын алып, еліме қызмет қылсам деген армандары орындалмады. Өз отандары өздерін сатты немесе керісінше «сатқын» деп айыптады.

Отанын сатқандар, қызыл террор, пантүрікшіл ұйымдармен байланысты деген түрлі сылтаумен оларды ату жазасына кесті. Қазақтан шыққан бес студенттің бәрі түгел осындай айыптармен жазаланды. Оларға қойылған ең үлкен айып сол кезде шетелде иммиграцияда жүрген Мұстафа Шоқаймен байланысты деген айыптар еді. Түлектер Германиядан орала салысымен оларды қызмет емес, темір тор күтіп тұрды. Кейбірі жер аударылды. Түркістандықтардың көпшілігі осы айыптаулардан қорқып елге оралмай қалды. Олар шын мәнінде М.Шоқаймен байланысып, өз ұлтының тәуелсіздігі үшін жанын қиған иммигранттық күрескерлерге айналды.

Б. Сыбанбекова

ӘОЖ 93/94

03.01.21.008. **Кеңестік аграрлық реформа: Көшпелі және жартылай шаруа қожалықтарын отырықшыландыру** / Ж.Т.Таңатарова //Қазақстанның аграрлық тарихының мәселелері: дәстүр, тәжірибе, әдіснама: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (12-13 желтоқсан 2019 жыл). – Атырау, 2019. – 27-30 б. – Библиогр.: 13 атау.

Кеңестік Одақтық Орталықтың шешімімен жаппай ұжымдастыру саясатын қарқынды жүргізу мәселесі 1929 жылы 4 қарашада өткен Өлкелік комитет бюросы мен желтоқсан пленумында көтерілді.

Отырықшыландырудың түпкі мақсаты – қазақ халқының кедей және орташа табын ірі колхоздар жүйесіне біріктіруді көздеді. «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы» қарар негізінде жобаланған 1929-1930 жылдардағы жоспар нақты өмірден алшақ, ешбір негіздеусіз қабылданған шешім болды.

Өлкелік комитет қаулысында отырықшыландырудың басты мақсатының бірі көшпелі қазақ халқының өзіндік ұлттық дәстүр-салтын және тұрмысын өзгерту екені ашық айтылды. Осылайша көшпелі халықтың тұрмысы жаңа қоғамдық құрылысқа қарсы қойылып, халық арасында қасақана түсініктер таратылып, жандандырылды.

Халық Комиссарлары кеңесінің жанынан 1930 жылы 8 қаңтарда Отырықшыландыру жөнінде республикалық комитет құрылып, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын социалистік ауыл шаруашылығы (колхоз, совхоз), өнеркәсіп, транспорт пен өндіріс базалары негізінде барлық шараларды біріктіріп басшылық жасау тапсырылды.

а) Қазақ АССР жер, колхоз және еңбек органдарының ұсынысы бойынша отырықшыландыру аудандары мен контингенттерін белгілеу;

ә) отырықшыланатын халықтан құрылатын колхоздарда егіншілікті, товарлы мал шаруашылығын, оның өнімдерін өңдеу мен өткізуді дамыту;

б) дәрігерлік-санитарлық, агрономиялық, зооветеринарлық, мәдени-ағарту қызметтерін және кооперативтік құрылыстар жүргізу;

в) өнеркәсіпке, транспортқа және совхоздарға тұрақты жұмыс күші ретінде отырықшыландырылатындар есебінен адамдар тарту;

г) халық шаруашылығының барлық салалары үшін отырықшыланатын халық арасынан мамандар дайындауға бағытталған шараларға басшылық жасау тапсырылды.

Отырықшыландыру жөніндегі республикалық комитет шешімі барлық Халық комиссариаттарына, ведомстволарға, аудандық атқару комитеттеріне міндеттелді. Бұл шешімге қарсы жергілікті өлкелік органдардың шағымдары мен ұсыныстары қабылданбады.

Республикалық комитеттің округтік және атқару комитеттерінен өз аумақтарында отырықшыландыру комитеттері мен бөлімдерін шұғыл ұйымдастыру жөніндегі талабы бірден іске аспады. Қарастырылып отырған мәселе бойынша кешеуілдеп барып алғаш Батыс Қазақстан, Ақтөбе округында отырықшыландыру комитеті құрылып, атқарушылар тағайындалды. Сонымен бірге отырықшыландыру шараларын жергілікті халық арасында кеңінен насихаттап, оған елді жұмылдыру мәселесі көтерілді.

Жедел отырықшыландыруды қолға алған Өлкелік комитет 1930 жылы 19 қаңтардағы кезекті қаулысында 84340 көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын 34 аудан бойынша Алматы, Сырдария, Ақтөбе, Гурьев, Қостанай, Павлодар, Семей, Қарқаралы, Петропавл облысында құрылған округтерге бөліп жүргізуді жалғастырды.

Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Ұ.Құлымбетов 1930 жылы 9-10 қазанда болып өткен отырықшыландырудың Өлкелік кеңесінде отырықшыландыру жоспарын одан әрі ұлғайту жөнінде Павлодар, Орал, Гурьевтен телеграммалар мен өтініштер түскенін айта келіп, отырықшыландыру көлемін ұлғайту мәселесін жеделдетуді ұсынды. Ұ.Құлымбетов өзінің осы тараптағы ұсынысымен Одақ басшылары көздегендей Өлкелік комитет бюросының мәжіліс қаулысында жалпы отырықшыландыру шаруашылық көлемінің 12 пайызын қамтуды іске асыруға күш салды.

Қорыта айтқанда, отырықшыландыру процесін жүргізуге жауапты органдардың өз араларында бірыңғай жүйелі басшылықтың болмауы, отырықшыландыру комитетінің жергілікті құрылымдарының уақытында құрылмай кешеуілдеуі, олардың сын көтермейтін іс-қимылдары алғашқы бес жылдықта сәтсіздіктерге ұрындырды.

Батыс Қазақстан өңіріндегі отырықшыландыру тәжірибесі көрші аймақтар мен Қалмақстан республикасындағы жағдаймен ұқсас болды және жергілікті халықтың өз қаржысы есебінен, сонымен бірге күш қолданып, зорлықпен іске асырылды. Өлке халқының жетпіс пайызын құрайтын көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландыру екінші бесжылдықтың аяғына қарай күшпен жүзеге асырылды. Ал жапа шеккендердің ата қоныстарына оралуы мұнан кейінгі уақыттарда да орын алып тәуелсіз мемлекетіміз тұсында да ішінара жалғасып отыр.

Б. Сыбанбекова

ӘОЖ 93/94

03.01.21.009. **Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақстан ғалымдарының зерттеулерінде** : ғылыми жинақ / құраст. Ә. Дербісәлі ; жауапты ред. С. Құлбарақ. –Тараз : Сенім, 2020. – 372 б.

Кітапта көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы ғалым, ақын, ойшыл Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы Қазақстан ғалымдарының әр жылдары жазылған мақалалары берілген. Онда белгілі қайраткердің өмір жолы мен шығармашылығы қарастырылған.

Мұхаммед Хайдар Дулати ойшыл, тарихшы ғалым ғана емес, сондай-ақ көрнекті мемлекет қайраткері, атақты білімпаз, әдебиетші, ақын, дипломат, әскери қолбасшы. Қазақ халқы тарих сахнасына көтерілген тұста Орталық Азия тарихына қатысты «Тарих-и Рашиди» атты тарихи-мемуарлық еңбек және «Жаһан наме» поэмасын жазған. «Тарих-и Рашиди» екі дәптерден, яғни екі бөлімнен тұрады. Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүрген кез бүгінгі тәуелсіз қазақ халқының тарих сахнасына көтерілген тұсы еді. Ол Орталық Азияның Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан мен Шығыс Түркістан және Тибет секілді елдерде ғұмыр кешкен. Автордың аталмыш дүниесі осы елдер тарихына қатысты. 2015 жылы еліміз Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өткенде, оған негізгі дереккөз болған туынды Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі еді.

Қазіргі таңда М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығына арналған докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалуда. Белгілі шығыстанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі 1999 жылы тұңғыш анықтамалық шығарса, 2018 жылы ол толықтырылып, қайта басылған. 1999 жылғы анықтамалықта 470-тей мағлұмат қамтылса, 2018 жылғы басылымда 1300-ден астам мағлұмат қамтылған. 2018 жылы Тараз мемлекеттік университеті дара тұлғаға арнап «Дулати белестері» атты зерттеу мақалаларын шығарған. Онда алыс және жақын шетел ғалымдарының ғылыми баяндамалары мен Қазақстан ғалымдарының да ғылыми зерттеулері кірген.

Кітаптың «Ұлыға тағзым» тарауында Әбсаттар Дербісәлінің «Мұхаммед Хайдар Дулати немесе тарихшы ғалым, кеменгер тұлға» және Мұрсалнәби Тұяқбаевтың «Мұхаммед Хайдар Дулат(и)ді зерттеудегі Тәуелсіз Қазақстанның дипломатиялық алғашқы қадамдары» атты бірін-бірі толықтырған мақалалары берілген.

«Жақсыдан қалған жәдігер» тарауында қазақтың ұлы тарихшысының өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеген халқымыздың біртуар ойшыл перзенті Шоқан Уәлихановтың «Тарих-и Рашидиден», көрнекті тарихшы, фольклоршы, этнолог Әлкей Марғұланның «Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақтың тұңғыш тарихшысы», тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, профессор М.К. Қозыбаевтың, К.Пищулинаның «Мирза Мухаммед Хайдар о казахах и казахской государственности», тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Сұлтановтың «Тарих-и Рашиди» Мирза Хайдара Дулата», ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелдиевтің «Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат еңбегіндегі қазақ тарихы», тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Омарбековтың «М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастаулары туралы» атты әр жылдары жазылған мақалалар топтастырылған.

Бұл мақалаларда «Мұхаммед Хайдар Дулати өте білімді адам болған, орта ғасырлардағы саяси оқиғалар мен қайраткерлерді, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азия, Моғолстанның өткен тарихын, дулат тайпасының тарихын жақсы білген. 1541-1546 жылдары Кашмирде «Тарих-и Рашидиді» жазған. М.Х. Дулати дулаттардың өткені жайлы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен әңгімелер, моғолдардың аңыздары, моғол хандары сарайында сақталған ресми құжаттар, оқиға куәгерлерінің айтуы және өз байқағандары негізінде парсы тілінде жазған. Автор өзінен бұрын өткен белгілі ғалымдар Жувейнидің, Жамал Қаршидің, Рашид ад-Диннің, Хамдолла Казвинидің және т.б. тарихи шығармаларын пайдаланған», - деп көрсеткен.

М.Х. Дулати орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына байланысты өте құнды мәліметтер қалдырған. «Тарих-и Рашидиде» Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі және одан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы оқиғалар, Моғолстанның құлауы, соғыстар, сыртқы жауға қарсы қазақтардың қырғыздар және өзбектермен достық одағының қалыптасуы және т.б. көптеген мағлұматтар берілген. Шығармада XV-XVI ғасырлардағы Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қала және егіншілік мәдениеттері, Жетісудың тарихи географиясы, орта ғасырлардағы Қазақстан жайлы құнды деректер қамтылған.

Ғылыми жинақта «Есімдер көрсеткіші», «Географиялық және топографиялық атаулар көрсеткіші», «Этникалық топ пен тайпалар көрсеткіші», «Терминдер мен аударылмаған сөздер көрсеткіші», «Шығармалар көрсеткіші» берілген.

Ф.Қ. Бектурбекова

ӘОЖ 93/94

03.01.21.010. **Нығмет Сәбитов : шығыстанушы, тарихшы-этнограф, библиограф** / Ә.К. Шашаев, М.М. Бегманова ; Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты ; ғыл. ред. С.Е. Әжіғали. – Алматы : Palitra Press, 2020. – 211 б.

Кітапта кеңестік Қазақстандағы алғашқы кәсіби деңгейдегі шығыстанушы, библиограф және алғашқы этнографиялық зерттеулерді ұйымдастырушы, дінтанушы Н.Сәбитовтың өмірі мен қоғамдық қызметіне және ғылыми мұрасына талдау жасалған. Н.Сәбитов – энциклопедиялық білімі бар, араб-парсы, түрік және ағылшын тілдерін, яғни, кемінде жеті елдің тілін жетік меңгерген.

Нығмет Сәбитов 1895 жылы қаңтар айында Астрахан губерниясы, Красноярск уезіндегі, Баклано-Лопатино селосында дүниеге келген. Ол шығыс тілдері мен қазақ этнографиясын зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының кандидаты (1944). Мәскеудің Шығыстану институтын бітірген (1935). 1918-1930 ж. Астрахан облысында халық ағарту, баспасөз және кеңес органдарында басшы қызметтерін атқарған. 1924-1929 ж. Астрахандағы «Кедей тілі» газетінің алғашқы редакторы болған. 1935-1936 ж. Тәжікстанның Халық ағарту комиссариатында, 1936-1937 ж. Қазақстанның жаңа әліпби жасау комитетінде, 1938-1942 ж. А.С. Пушкин атындағы көпшілік кітапханасында (қазіргі ҚР Ұлттық кітапханасы) жұмыс істеген. 1942-1946 ж. КСРО Ғылым Академиясы, Қазақ

филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтында аға ғылыми қызметкері болған. 1945-1955 ж. Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының этнография секторының басшысы, институт директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары, этнография бөлімінің меңгерушісі қызметінде болған.

Сонымен қатар, Н.Сәбитов Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Діни істер жөніндегі кеңестің өкілетті қызметкері міндетін атқарған. Кеңес үкіметінің шенеуніктерінің діни-рәсімдерге байланысты шешімдеріне дер кезінде тыйым салып, сауатты түрде жауап беріп отырған. Мысалы, Қазақстан территориясындағы діни-сәулет орындарын, қасиетті жерлер, қорған, бейіттерді тіркеу, есепке алу, діни қызметкерлерді әскерге алудан босату және т.б.

1945 жылы Қазақстан Жоғары Кеңесінің Президиумы, ал 1952 жылы Кеңестік Одақ көлемінде «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1955 жылы ғылыми еңбектері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мақтау қағазымен марапатталған. 1955 жылы 12 тамызда Нығмет Сәбитұлы Сәбитов дүниеден өткен.

Н. Сәбитов XVIII-XX ғ. шығыс тілдерінде шыққан сирек әдебиеттерді жинақтап, зерттеген ғалым. Кітаптар мен мерзімді басылымдарда жарияланған әдебиеттердің тізбесін жасаған. 1938-1942 ж. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған Шығыстық тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне зерттеулер жүргізіп, библиографиялық еңбектер жазған.

Ұлттық кітапхананың сирек қорындағы Әлішер Навоидың 1863 жылы «дивани» жазуымен жазылған әйгілі «Хамсасын» зерттеген. 1941 жылы «Қазақ КСР баспасөзінің библиографиялық көрсеткішін. 2-бөлім: 1917-1939 жылдар аралығындағы мерзімді басылымдар», 1946 жылы «Абайдың 1889-1945 жылдары басылған шығармалары мен ол туралы жазылған әдебиеттердің библиографиялық көрсеткішін», «Аманкелді: өмірі мен ісі туралы 1926-1945 жылдары басылған материалдардың библиографиялық көрсеткішін» құрастырған. Қазақстанның XV–XX ғасырлардағы аса ірі тұлғалары жайындағы мәліметтерді жүйелеп, «Қазақстан қайраткерлерінің библиографиясы» атты картотека топтастырған.

Н. Сәбитов «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткішін», «Қазақ ғалымы Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы», «Қазақтардағы мектептер мен медреселер», «Панисламизм мен пантюркизмнің қандай ағым екендігі, шығыс елдеріндегі феодалдар мен жергілікті буржуазияның идеологиясы» туралы бірнеше көрсеткіштер мен мақалалар жазған.

Н. Сәбитов жұмыс барысында Қазақстан тарихы бойынша төңкеріске дейінгі деректер мен әдебиеттерді жүйелеп, Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан, Уфа, Омбы, Ташкент т.б. қалаларға барып, кітаптармен, мұрағаттар, мұражайлар қорларымен танысқан.

1949-1950 жылдары Н. Сәбитов «Ұжымшарлық қазақ ауылының мәдениеті мен тұрмысы» атты зерттеу жұмысы бойынша антропологиялық-этнографиялық экспедициясы жайлы бірнеше мақалалар жариялаған. Қазақ ауылындағы материалдық, рухани мәдениеттің, тұрмыстағы өзгерістер мен шаруашылықтың алға басқандығы туралы жазған. Сондай-ақ қазақ ауылындағы мәдени ұлттық ойындарға ерекше көңіл бөлген. Оның ішінде, тоғыз құмалақ ойыны адамның есте сақтау қабілетін арттырып, математикалық ой-өрісін кеңейтеді деп көрсеткен.

Ф.Қ. Бектурбекова

ӘОЖ 93/94

03.01.21.011. **XXVIII-XX ғасырлардағы Атырау өңіріндегі елді мекендер = Населенные пункты Атырауского региона XVIII-XX веков** : кітап-альбом / М. Кипиев ; Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы. – Атырау : Полиграфкомбинат, 2020. – 220 б.: сур., карта. – Қазақ, орыс тіл-де.

Жобаға ғылыми жетекшілік етіп, мақалаларды түгелдей дайындап, басылымды құрастырған Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі М.Қ. Кипиев.

Басылымда XVIII-XX ғасырларда Атырау өңірінде пайда болған елді мекендердің тарихы жазылған. Кітап-альбомда 1700-1917 ж. аралығында пайда болған 40 елді мекен туралы ақпараттар архивтік, фото және иллюстрациялық материалдармен берілген. Елді мекендер хронологиялық кезең мен географиялық орналасуына қарай үш тақырыпқа бөлінген. Әрбір елді мекендегі сипаттауда, пайда болған уақыты мен атауы, халық саны, шаруашылық-экономикалық жағдайдына қатысты мәліметтер жинақталған деректер аясында жазылған.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған кітап-альбомы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын жүзеге асыру бағытында, Атырау облысының әкімі бекіткен іс-шаралар жоспары аясында Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығында дайындалып, жарыққа шықты.

Орталықтың бастамасымен жүзеге асқан осы бір зерттеу жобасының мақсаты - облыс аумағында XVIII-XX ғғ. аралығында пайда болған елді мекендер туралы кең деректер көзін іздестіру, жинақтау, зерттеумен қатар, олардың пайда болу, даму кезеңдерінің бір-бірімен байланысын анықтау. Себебі, XVIII-XX ғ. өңірдегі қоныстану мәселесі зерттелмеген тақырыптың бірі екендігін ескерсек, қоныстанудың басты белгісі елді мекендер тұрғызу болып табылады.

XVIII ғасырдың бас кезінде Атырау облысы аумағындағы жалғыз елді мекен Гурьев (қазіргі Атырау) қаласы болды. Осы уақытта Гурьев қаласы «Яицкой Гурьев» атауымен Астраханның басқаруына беріледі. Гурьев қаласы XVIII ғ. 40-ж. дейін Атырау жеріндегі жалғыз елді мекен болды. Гурьевпен қатар, Жайық өзенінің жоғары ағысында екінші елді мекен «Яицкий городок», қазіргі Орал қаласы тұрды. Негізгі тұрғындары Жайық казактары болып табылатын екі қала, патшалық Ресейдің оңтүстік шығысындағы ескі бекініс қамалдардың бірі болды. Жайық өзені Ресей империясы мен қазақ жерінің арасындағы шекара рөлін атқарды.

Ресейде 1744 жылғы реформа нәтижесінде Орынбор комиссиясының негізінде Орынбор губерниясы құрылып, оның құрамына Астрахань губерниясының және Жайық өзенінің бойындағы бекіністер берілді. Форпостылар, қамалдар мен бекіністер арасындағы жолда, қорғануға ыңғайлы жерлерде орналасты. Олардың айналасына да орлар қазылып, топырақтан кішігірім дуалдар жасалды.

Қорыта келгенде, XVIII-XX ғ. 20 ж. дейін Атырау өңірінде пайда болған елді мекендерді келесідей кезең мен түрге бөліп қарауға болады:

XVIII-XIX ғ. Жайық және Жем өзендерінің бойында салынған қамалдар мен бекіністер; XVIII-XIX ғ. Каспий теңізінің жағалауында пайда болған ауылдар мен кенттер;

XIX-XX ғғ. 20 жж. дейін тұрғызылған сауда және өндіріс орталықтары; XVIII-XX ғғ. Жайық және Жем өзендерінің бойында салынған қамалдар мен бекіністер.

Гурьев қаласы XVIII ғ. бас кезінде Жайықтың төменгі ағысындағы жалғыз қала болды. Оның пайда болған уақыты туралы әртүрлі деректер айтылады. Ресей тарихнамашысы Г.Миллердің есебінше, ол қазіргі Орал қаласымен бір кезеңде, яғни 1580 жылдары пайда болған. П.Рычковтың дерегінше орыс көпесі Михаил Гурьев қаланы тұрғызған кезеңде ноғайлар Сарайшықта тұрған. Дегенмен, тарихи деректер бойынша патша Михаил Федорович мұнаралары бар тас қамалды салу үшін көпес М.Гурьевке 1645 жылы рұқсат етеді.

XIX-XX ғ. бас кезіндегі Гурьев қаласындағы ескі ғимараттардың бірқатары бүгінгі күні Атырау қаласының орталық бөлігінде, Жайық өзенінің оң жағалауында сақталған. Атап айтқанда; Кулагин, Қос-Жайық немесе Индерские горы, Сарайшық, Бақсай, Тополов қамалдары және Гребенщиков, Зеленый, Жаманқала, Гурьев, Орлов, Карманов, Сорочинск, Кандауров, Новобогат, Төменгі-Ембі бекіністері сипатталған.

Сонымен қатар, XVIII-XX ғ. Каспий теңізінің жағалауында пайда болған ауылдар мен кенттермен, Никольск (Жамбай), Кордуан, Зарумута ауылдарымен, Ганюшкин, Телячи, Сафоновка, Утера, Ковылев, Байда, Рожок, Шабай, Кобяков Конев, Рыбачкин, Голубев

Мальцев, Жилая Коса, Ракуша, Прорва, Алпса кенттерінің тарихымен танысуға болады. XIX-XX ғ. 20 ж. дейін тұрғызылған сауда және өндіріс орталықтары, Соколок, Қызылқоға, Доссор, Мақат кенттері сипатталған.

Әрбір елді мекенді сипаттауда, пайда болған уақыты мен атауы, халық саны, шарушылық-экономикалық жағдайына қатысты мәліметтер жинақталған деректер аясында жазылды. Елді мекендер «энциклопедиялық мақала» түрінде жазылып, соңына пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі берілген.

Тарихнамалық шолу, елді-мекендер тарихынан, терминдер сөздігі мен қысқартылған сөздер, бакалей-күрғақ (шәй, қант, ұн, жарма, дәмдеуші, және т.б.) тағамдар, Ямщик-жолаушыларды, жүкті немесе поштаны тасушы адам және т.б терминді сөздігі, қысқартылған сөздер берілген. 100 жуық пайдаланған әдебиеттер тізімінен, иллюстрациялардың деректерінен, мысалы: Астрахань иелегінің картасы. 1731 ж. / Атлас Всероссийской Империи. Собрание карт И.К.Кирилова. 1722-1737 гг. Гурьев қамалының жоспары. 1731 ж./РМӨТА. 349 қ. 12 т. 1419 іс, Жайық қазақ-орысы. XIX ғ. суретші В.Ф.Тимм, Каспий теңізінің картасы (солтүстік бөлігі). 1817 ж. және т.б карталар, суреттер, жобалар қосымша берілген. Кітапқа барлығы 40 елді мекен туралы ақпарат енді.

Кітап-альбом Атырау өлкесінің тарихына қызығушылық танытқан көпшілік оқырманға арналған.

Ж. А. Абдикеримова

ӘОЖ 93/94

03.01.21.012. **Ораз Жандосов : өнегелі өмір** / әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; бас ред. Ғ.М. Мұтанов ; ред. жұмыс тобы : Ә.О. Жандосов, Г.Р. Нұрымбетова ; кеңес төрағасы О.О. Сүлейменов. – Алматы : Қазақ университеті, 2018. – 408 б., 16 бет жапсырма.

Ораз Қықымұлы Жандосов 1899 жылы 25 ақпанда Верный уезіне қарасты Шамалған болысының №7 ауылында (қазіргі Алматы облысы Қарасай ауданы) дүниеге келген. 1908 жылы Верный ерлер гимназиясына түсіп, 1918 жылы оны үздік бітіріп шығады. Қазақстанда кеңестік билік орнағаннан кейін Жетісудың ұлт істері жөніндегі облыс бөлімін басқарды. 1919-1921 ж. Түркістан КП мұсылман коммунистері секциясы облыс бюросының төрағасы болды, Жетісу облысы әскери төңкерістік комитетін және «Қосшы» одағын басқарды.

1921-1923 ж. Түркістан КП ОК үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 2-хатшысы болды. 1923-1924 ж. Мәскеу қаласындағы Тимирязев атындағы Ауылшаруашылық академиясында оқыды. 1924-1928 ж. БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Ауыл экономикасын зерттеу жөніндегі экспедицияны басқарды, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, ғылыми еңбектер жазды. 1928-1937 ж. Қазақ АКСР ағарту халкомы, Қазақ ауылшаруашылық институтының директорлығымен қатар, мемлекеттік көпшілік кітапхананың директоры болды, БК(б)П Кеген ауданы комитетінің бірінші хатшысы, Алматы облысы атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ұлтаралық қатынасты реттеуге көп еңбек сіңірді. КОКП-ның 12,14-съездерінің және КСРО Кеңестері 2, 7, 8-съездерінің делегаты, 1920-1925 ж. БК(б)П Түркістан КП ОК-ның мүшесі және бюро мүшесі, Түркістан ОАК төралқасының және БОАК-ның мүшесі, Қазақ ОАК және оның төралқа мүшесі, Қазақстан өлкетану қоғамы басқармасының төрағасы болды.

Нарком О. Жандосов сауатсыздықты жою, мектептер жүйесін кеңейту, қазақ әдебиеті мен өнерін өркендету, ұлттық мамандарды даярлауды жеделдету мәселелерін бір сәтке де назарынан шығармады. Қазақ тілінің мәртебесін өсіруге, қыз-келіншектерді оқуға тартуға күш салды. Қазақ драма театрының жұмысын жетілдіруге, ұйғыр, дүнген халықтарының мәдени сұранысын қанағаттандыруға жағдай жасады. Оқу комиссариатын басқарған жылдары қазақ ғылымының мәселелерін шешуге қосқан үлесі мол. Халық ағарту комиссары қызметінде жүріп, А.Байтұрсыновтың «Практическая грамматика»,

І.Жансүгіровтің «Малта», Ж.Аймауытовтың «Кемпір мен шал», «Көк өгіз» кітаптарының жарық көруіне мұрындық болды.

Ораз Жандосов Алаш қозғалысына тікелей қатыспаса да, оның идеясын және концепциясын жүзеге асыруға атсалысты. Ол А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезовтер сияқты осы қозғалыс мүшелеріне жақын болып, қандай жауапты қызметте болса да, оларға жағдай жасауға, олардың білімін халық мүддесіне жаратуға қолынан келгенше көмектесті. М. Жұмабаевтың «Тоқсанның тобы» толғау өлеңінің баспасөз бетінде жариялануына бірден-бір себепкер болған Ораз Жандосов.

1937 жылы тамызда партиядан шығарылады да, жалған айыппен тұтқындалып, 1938 жылы 2 наурызда КСРО Жоғарғы соты Әскери алқасының үкімі бойынша ату жазасына кесіледі. Қазақ ақыны К. Әзірбаев өзінің тұтқынға алынған О.Жандосовпен қоштасқан сәті туралы «Оразжан» әнін шығарған. О. Жандосовтың қызметіне сол кездің өзінде-ақ халық-тың өзі әділ бағасын берген. Бұған Нұрила, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев сияқты халық ақындарының О.Жандосовқа арнаған арнаулары дәлел.

Ораз Жандосов өзінің артында өшпестей із қалдырды. Ол 1957 жылы ақталып, кезінде өзі «Верный» атауын өзгерткен тарихи қала – Алматыдағы ең көрнекті көшелердің біріне оның есімі берілді. 1969 жылы мүсіні орнатылып, еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ, Алматы облысында О.Жандосов атындағы мектеп-лицей, мектеп пен ауыл бар.

Кітап Қазақстан мен Түркістан АКСР-ның әйгілі тұлғасы Ораз Жандосовтың білім, мәдениет, әлеуметтік даму салаларындағы жаңашыл жасампаздығы мен қайраткерлігін айшықтауға арналды. Онда қоғамдық сана мен рухани өмірдегі түбегейлі өзгерістердің саяси-идеологиялық бастаулары, бағыттары, ұлт мүддесімен байланысы көрінетін өз қаламынан туған еңбектері, оразтанушы ғалымдардың зерттеулері, замандастары мен туыстарының құнды естеліктері және фотосуреттер берілген.

Ораз Жандосов жайында көптеген оразтанушы ғалымдарымыз: Т.Нұрпейіс, С.Ибрагимов, Т.Омарбеков, Т.Жұртбай, Г.Ж.Өскембаева, Г.Р.Нұрымбетова және Т.Ес-полов, М.Қойгельдиев және Г.Р.Нұрымбетовалардың зерттеулері, мақалалары, Ораз Жандосовтың таңдамалы еңбектері, баяндамалары мен сұхбаттары және ол туралы көптеген естеліктер берілген.

Сонымен қатар, О.Жандосовтың әкесі мен анасының, бауырларының, жұбайының және жұмыс барысындағы көптеген құнды фотосуреттері ұсынылған.

М.Қ. Ташимбетова

ӘОЖ 93/94

03.01.21.013. **Ұзақбай Құлымбетовтың мемлекеттік қызметі архив деректерінде :** құжаттар жинағы / Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты; құраст. : Г.М. Қаратаева, Қ.О. Алғабаева ; ред. алқа. : А.Ж. Қарымсақов, М.Ғ. Жылысбаева және т.б. – Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. – 704 б.

Құжаттар жинағында кеңестік билік кезеңінде республика басшылығында болған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетовтың өмірі мен қызметі жайлы айтылған. Архивтік құжаттар Ұ.Ж. Құлымбетовтың мектеп мұғалімінен бастап, Қазақстанның жоғары басшылық қызметінде атқарған еңбек жолын сипаттайтын құнды деректерді қамтыған.

Ұ.Құлымбетов 1891 жылдың 18 наурызында Ақтөбе облысының Ырғыз уезі, Аманкөл болысында дүниеге келген. Сегіз жасында ауыл молдасынан хат таныған ол 1912 жылы Ақтөбе мұғалімдер семинариясын бітірген соң Ырғыз және Торғай уездерінде 7 жылдан астам уақыт ұстаздық еткен. 1919 жылы Ырғыз совдепі сауатты Ұ.Құлымбетовті қазақ ауылдарында болыстық және ауылдық Кеңестерді құру ісіне тартқан. 1920 жылы большевиктер партиясы қатарына қабылданған.

Ұзақбай Құлымбетов – кеңестік билік құрылымының Қазақстандағы ең жоғары лауазымдарын иеленген. Қазақ АКСР Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, Қазақ АКСР Ішкі және сыртқы сауда халық комиссары, Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау

комиссиясының төрағасы болып жүріп, Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары, 1930 жылы бірінші орынбасары, кейін Қазақ Орталық Атқару Комитетінің (КазЦИК) төрағасы қызметіне дейін көтерілген.

Ұ.Құлымбетов пленум, конференция, съездерде жасаған баяндамаларында, мақалаларында Екібастұз, Риддер, Атбасар комбинаттарын дамыту, Жетіқара, Аққарға, Бозбие алтын кеніштерін қазақ еліне қайтару туралы мәселелерді батыл түрде көтерген. Елек тұз өндіру, Ембі мұнай кәсіпорнының қуатын арттыру, мұнай өңдейтін зауыт салу, мал шаруашылығын дамыту, тері өңдеу, тоқыма кәсіпорындарын салу жайлы баяндамалар жасаған.

Ұжымдастыру мен индустрияландыру, мәдени революция мен әкімшілік-аумақтық аудандастыру, әліпби реформасы мен астананы Қызылордадан Алматыға көшіру, денсаулық сақтау, сауда қызметін ұйымдастыру ісіне басшы ретінде белсене араласқан. Өндіріс орындарына жергілікті тұрғындарды, қазақ жастарын тарту, қажетті мамандарды даярлау ісіне де аса көңіл бөлген. Ірі кәсіппен қатар, қолөнер кәсібін күшейтіп, олардың кооператив-сауда мекемелерімен байланыс орнатуын ел үшін пайдалы деп санаған. Балық шаруашылығын өндіруде Каспий теңізінен балық аулауды жолға қою керектігін айтқан. Қытай, Моңғолия мемлекеттерімен сауда қарым-қатынасын дамытуға үлес қосқан.

1927 жылы Өлкелік комитеттің астананы Қызылордадан Алматыға ауыстыру жөніндегі қаулысы бойынша Ұ. Құлымбетов пен О. Жандосов болашақ астананың құрылысы мен инфрақұрылымдарына жауапты болған. Жаңа Үкімет үйі, бірнеше мекеме, ғимараттар мен тұрғын үйлер бой көтеріп, қыруар жұмыстар атқарылған. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорларында сақталған құжаттық мәліметтер, астананың Алматыға көшіру ісінде Ұ. Құлымбетовтың атқарған қызметінің зор екендігін нақтылай түскен.

1935 жылы Ұ. Құлымбетов Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып сайланған. Аштық жылдары көршілес республикаларға босып кеткен қазақтарды елге қайтарып, оларды отырықшыландыру ісінде табанды жұмыс атқарған. Сондай-ақ, Ұ. Құлымбетов Қазақ Автономиялық Одақтық Республикасы мәртебесін алған және Қазақ КСР Конституциясы бекітілген тұста басшылықта болған.

Қорыта айтқанда, құжаттар жинағы жүйелі тарихи фактологиялық деректер негізінде Ұ.Құлымбетовтың 1920-1937 ж. атқарған қызметі жайлы толық мәліметтер береді. Қазақстанның жалпы халық шаруашылығы, экономикасы мен мәдени-ағартушылық саласының дамуына сіңірген ерен еңбегін сипаттаған. Тарихи деректерді зерделеу барысында, археографиялық өңдеу жүргізу негізінде жинаққа жалпы саны 503 құрайтын құжат енген. Жинаққа «құпия» және «аса құпия» грифімен берілген, архивтің ғылыми пайдалануға шектеулі қорлар құрамында сақталған, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығы негізінде шектеу грифі алынып, құпиясыздандырылған құжаттар алғаш рет жарияланып, тарихи айналымға енген. Жарияланымға енген құжаттар: қаулылар, отырыс хаттамаларынан, стенограммаларынан үзінділер, халық шаруашылығын дамыту барысында Кеңес Одағы көлеміндегі басшыларға (Сталин, Молотов, Микоян) жазған хаттар, қызмет бабындағы нұсқаулар, баяндамалар және т.б.

Құжаттар жинағында қазақ тіліндегі латын әрпімен жазылған құжаттар мәтіні сол уақытқа тән орфографиялық ерекшеліктері мен стилистикасын сақтаған. Құжат мәтініндегі кейбір түсініксіз тұстарына жол аралық ескертпелер көрсетілген. Тарихи кезеңнен леп беретін фотоқұжаттардың, архив құжаттарының факсимиле көшірмелері берілген. Құжаттар жинағындағы фотоқұжаттар ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар архиві қорларынан, сонымен қатар, Құлымбетовтар әулетінің жеке архивінен алынған.

Жинақтың ғылыми-анықтамалық аппаратына атаулық көрсеткіш, тарихи-географиялық атаулар көрсеткіші, қысқартылған сөздер тізбесі, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары пайдаланылған қорларының тізбесі берілген.

Ф.Қ. Бектурбекова

Бұл еңбекте Жетісудың Алаш қайраткері Ыбырайым Жайнақовтың өскен ортасы, Верный гимназиясында білім алған кездері, Жетісу өңірінің қоғамдық-саяси ахуалына араласуы, оның жетекшілігімен Жетісу облыстық комитетінің құрылуы, комитет мүшелерінің халық мүддесін қорғаудағы іс-шаралары баяндалған. Қытай асуға мәжбүр болып елге қайта оралған қазақ-қырғыз босқындарға оның көмек ретінде ұйымдастырған іс-шаралары, халқына сіңірген еңбегі және оның айналасына шоғырланған жетісулық қазақ-қырғыз Алаш қайраткерлерінің өмір жолы туралы мәліметтер архив құжаттарына сүйеніп беріліп отыр.

Ыбырайым Жайнақов 1885 жылы 30 қыркүйекте бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, Үлкен Алматы болыстығы, Жайнақ (қазіргі Алматы облысы, Іле ауданына қарасты Комсомол ауылы) ауылында дүниеге келген. Ы. Жайнақов 1902 жылы Верный ерлер гимназиясының 6-класын бітіріп, Жаркент уездік басқармасының, содан кейін Жетісу облысының губернаторы Фольбаумның тілмашы қызметін атқарған.

1917 жылы Ақпан революциясы нәтижесінде патша үкіметі құлағаннан кейін, Ресейде Уақытша үкімет орнап, билік ауысады. Белгілі дәрежеде ел билігін алып, Уақытша үкімет басына келген А.Ф. Керенский 7 наурызда 1916 жылғы көтеріліске қатысқандарға рақымшылық жариялайды. Ол туралы естіген шекарадағы қазақтар осы жылдың көктемінен бастап, шет жердегі төзімсіз жағдайлардың әсерінен күннің суықтығы мен таулы шатқалдардың қар көшкініне қарамастан, өз жерлеріне қайта бастайды.

1917 жылы көктем айында Жетісудағы қазақтар мен қырғыздардың мүддесін қорғау мақсатында, Ыбырайым Жайнақовтың жетекшілік етуімен Верныйда Жетісу облыстық комитеті құрылады. Комитеттің төрағасы болып Ы.Жайнақов, мүшелері қатарына: К.Шегіров, Ә.Кәкенов, Н.Нұрмахамедов, К.Абдулин, К.Ордабаев, Қ.Токсанбаевтар сайланады. Ыстықкөл мен Нарын өңірінің әкімшілік жағынан Жетісу облысы құрамында болуына байланысты, ондағы қырғыз ұлттық элитасы өкілдерінің қазақ әріптестерімен бірлесе әрекет етуге ұмтылып, Жайнақов жетекшілігімен құрылған Жетісу облыстық Қазақ комитеті қызметінің арнасына тартылады. Соған орай, Жетісу облыстық Қазақ комитеті «Қазақ-қырғыз комитеті» деп аталып, оның құрамына Пржевальск және Пішпек уездік комитеттері кіреді. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы көрнекті қоғам қайраткері Ыбырайым Жайнақов болып тағайындалады.

1917 жылы сәуір айының алғашқы күндерінен бастап барлық өңірде облыстық қазақ съездері өткізіле бастаған. Бұл съездер Алаш қозғалысындағы қазақтың барша даласын қамтығанын байқатты. 1917 жылы 12 сәуірде өткен Жетісу облыстық съезін өткізуде Ы.Жайнақов, Қ.Ордабаев, А.Құдайбергенов, Қ.Шегіров, Н.Жақыпбаевтардың белсенділігі байқалып, облыстық съездер мен комитеттер қазақ зиялыларын одан сайын ұйыстырып, ел ішінен қайраткерлерді шығара бастады.

Кітапта Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов т.б. Алаш қайраткерлерінің ұйымдастыруымен 1917 жылы шілде айында Бірінші Жалпықазақ съезі Орынбор қаласында өткендігі туралы айтылады. Жалпықазақ съезінде қазақ қоғамы үшін маңызды 14 мәселе қаралды, оның ішінде қазақ автономиясы, қазақ саяси партиясы, дін, т.б. ұлт тағдырының мәселелері қаралған. Осы съезден кейін бүкіл қазақ даласы азаттық пен теңдік рухына бөленгендігі жайлы әңгімеленеді.

1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынборда екінші Жалпықазақ съезі шақырылып, оған бүкіл облыстардың 80-ге жуық өкілдерінің қатарында Жетісу облысынан Мұхамеджан Тынышбаев, Ыбырайым Жайнақов, Иса Тергеусізов, Сатылған Сабатаев, Мәнке Исмайлов, Садық Аманжолов, Базарбай Маметовтар қатысады. Съездің күн тәртібіндегі мәселенің ішіндегі ең маңыздылары – Алаш автономиясын құру және оның үкіметін сайлау, қазақтың ұлттық мемлекетін қалыптастыру болатын.

Съезде Алашорда – Алаш автономиясының үкіметі сайланды. Осы Орынбор қаласында өткен 2-ші Жалпықазақ съезінен кейін Ы. Жайнақовтың жетекшілік етуімен 1918 жылдың 10-31 қаңтарында Верный қаласында Жетісу облысы қазақ-қырғыздардың

екінші съезі өтеді. Жетісу облыстық «Алаш» кеңесі 2-ші Жалпықазақ съезінің шешіміне орай, Алаш милициясын құру әрекеттеріне кірісіп, бұл іске бұрынғы комиссар О.Шкапскийді тартады. Алайда, бұл іс Түркістан автономиясының қару күшімен құлатылып, өлкедегі билік Түркістан халық комиссарлары Кеңес қолына көшуіне байланысты жүзеге аспай қалады. Нәтижесінде, Азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш партиясы мен Алаш үкіметі таратылады.

Жетісудағы Алаш қозғалысы туралы архив құжаттары бойынша соғыста жеңіліс тапқаннан соң алаштықтар: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Садық Аманжолов, Ыбрайым Жайнақов, Иса Тергеусіз, тағы басқалар шекара асып өтіп, Шәуешек қаласына барып қоныстанады. Сол жақтан Алаш әскерлерін құрып, Қазақстандағы большевиктерге қарсы саяси және мәдени күрестер ұйымдастырып отырған. Бірақ большевиктердің Шыңжаңда күшті агентурасы болды. Олар Батыс Қытайда жүрген барлық ақгвардияшыл атаман казактар, алаштықтар, басқа да контрреволюционерлер туралы мәліметтерді Верныйға жеткізіп отырған. Алаш көсемдері Ленинмен үздіксіз келіссөздер жүргізіп, ақырында 1919 жылдың 1 сәуірінде амнистия алғаны белгілі болады. Сол кезде Қытайдағы эмиграциядан ең бірінші болып А. Байтұрсынов, М. Дулатов қайтып оралған, ал Жетісудағы Алаштың серкесі Ыбрайым Жайнақов пен Иса Тергеусіз сияқты бірнеше жолдастары эмиграциядан қайтпай қалған.

Дереккөздер бойынша Ы. Жайнақов пен И. Тергеусіз сияқты бірнеше азаматтар 1940 жылдарға дейін Шыңжаңда өмір сүргендерін, сол жердегі қазақ халқының саяси және мәдени өміріне белсене атсалысқаны айтылады.

Ауызша деректер бойынша Ы. Жайнақов, И. Тергеусіз және тағы басқаларының 1942-1943 жылдары Қытайдағы ұлтшыл Гоминдаң үкіметінің жөндеттерінің қолынан қаза болғанынан хабар береді. Бұл хабарлар ауызша мәліметтер болғандықтан, әлі де тексеруді қажет етеді.

Сондықтан барлық Алаш қайраткерлеріне байланысты архивтегі барлық құпия құжаттарды жарыққа шығару, Ресей империясы мен Кеңес өкіметі заманындағы өткен оқиғаларға жаңа ғылыми баға беру, ұлттық намысы оянып келе жатқан халқымыздың рухани қажетіне жарату – төл тарихымыздың алдында тұрған үлкен міндет.

Р.М. Күздеубаева

03.61 ЭТНОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

ӘОЖ 39; 572.9

03.61.01.21.015. **Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы. VI-том = Наследие Сарыарки в центре степной Евразии.** Том VI / ред. басқарған А.Онғарұлы. – Нұр-Сұлтан: ҚР Ұлттық музейі, 2020. – 352 б. – («Казына» сериясы).

Ұжымдық монографияда Сарыарқаның археология, этнография, музыкалық-фольклорлық мұра, топонимика, сондай-ақ геоақпараттық картографиялау және цифрлы 3D модельдеу мәселелері бойынша жаңа зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Қазақ жерін, соның ішінде Сарыарқаны қола дәуірінен бері мекен еткен тұрғындардың әлемдік мәдени-тарихи үрдістерге тең дәрежеде, сауда және мәдени қатынастары арқылы етене араласқандығы бүгінде мойындалған құбылыс. Бұл үрдістердің тұрақты дамуы мен табиғи кеңістікті мәдени игеруде әр өлкенің табиғи-географиялық орналасуы, шикізат қорының молдығы мен оны технологиялық жаңашылдыққа сай игеру үлкен рөл атқарды. Осы жағынан алғанда Еуразия далалық белдеуінің қақ ортасында орналасқан, металл қорына бай Сарыарқаның орны әр заманда ерекше болды.

ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері 2018-2020 ж. арналған ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің №BR05236868 «Сарыарқаның мәдени мұрасын зеттеу, сақтау және насихаттау» атты бағдарламалы-нысаналы жобасы аясында Сарыарқаның археологиялық және рухани мәдени мұраларын кешенді түрде зерттеді. Жоба аясында Сарыарқаның батысында орналасқан Саба қорымындағы алты обада археологиялық зерттеулер жүргізіліп, қола дәуірінен бастап халықтардың ұлы қоныс аудару дәуіріне дейінгі түрлі кезеңдердегі тұрғындардың сәулет өнері, жерлеу ғұрпы, дүниетанымы, қару-жарағы, мәдениеті мен шаруашылығы жайлы жаңа материалдар алынды.

2018-2020 ж. аралығында Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында этнографиялық және Қарағанды облысы аумағында музыкалық-фольклорлық мұрасы бойынша 310 шығарма (ән, күй, жыр, жарапазан, жоқтау, сыңсу, кара өлең, бәдік өлең) жазылып алынды. Сонымен қатар, 40 мұрагер жайлы ақпарат жинақталып, 55 ұлттық тағам түрі анықталды. Жоба аясында тағы бір өзекті зерттеу бағыты ретінде Ақмола облысы жер-суларының тарихи атаулары қайтарып алынды. Тарихи топономияны зерттеу нәтижесінде 45 елді-мекеннің тарихи атауын қалпына келтіру бойынша ұсыныс жасалды.

2017-2020 ж. далалық маусымдарда Қостанай облысы Арқалық қаласының әкімшілігі аумағына қарасты Жаңақала ауылынан солтүстікке қарай 3 шақырым жерде орналасқан Саба қорымындағы обалар зерттелінді. Осылайша, оба құрылысы кезектесе іске асырылған төрт негізгі кезеңде жасалған деп бөліп қарастырылған: бірінші кезеңде жерлеу орнын таңдау, алаңды дайындау, қабір шұңқырын қазу; екінші кезеңінде марқұмды жерлеу және тас құрылыстың үстінен үш-төрт қабат етіп, топырақ қабаттарын үйіп обаны тұрғызу жұмыстары атқарылған; үшінші кезеңде топырақ үйіндіні айнала тіреп тұрған тас қабырға мен бекітпе тастар тұрғызылған; төртінші кезеңде оба үйіндісінің жиегі тастармен жабылған. Айта кететін жәйт, ешқандай құрылыс қабаттарында құрбандыққа шалынған мал сүйектерінің қалдықтары немесе басқа да ғұрыптық мақсатта қойылған бұйымдар кездеспеді. Саба қорымының әртүрлі кезең ескерткіштерінен тұратындығын көрсетті.

Қазылған обалардан алынған қола дәуірі мен ерте темір дәуірінің қыш ыдыстарын салыстыра отырып, әрбірін жеке талдау, осы ыдыстарды жасауға пайдаланылған саз, шикізат көзі әртүрлі орындардан алынғандығын көрсетті, бұл ыдыстарды жасаған шеберлер де әртүрлі болғандығын меңзейді. Сонымен, көзелік сазды зерттеу қола дәуірінің ыдыстарынан екі мәдени дәстүрді және ерте темір дәуіріне тән ыдыстарды дайындауда үш мәдени дәстүрдің болғандығын анықтап берді.

Жобаны іске асыру мерзімінде Ақмола облысының 3 ауданының ескерткіштерін жинақтау үшін 70-тен астам электрондық, қағаз карталар және Сарыарқаның 11 бірегей нысандарының цифрлық 3D моделі жасалды.

Дәстүрлі әдет-ғұрып кез келген халықтың мәдениетінің этникалық сипатын анықтайтын компоненттерінің бірі болып табылады, соның ішінде баланың дүниеге келуімен байланысты рәсімдер. Әр отбасы өз бақытын баласыз елестете алмаған. Далалық материалдар аймақ тұрғындарының сан ғасырлық халықтық тәжірибе негізінде қалыптасқан және әртүрлі ежелгі наным-сенімдермен байланысты көптеген әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің сақталғанына дәлел болады. Мысалы, жүктілік кезінде әйел адамға нәрестенің кіндігіне оралып қалмау үшін түнде далаға жалғыз шығуына, ол құлындар мен қозыларға арналған желі, көгендерден аттамауы керек болған. Балада туа біткен физиологиялық ауытқулардың болмауы үшін, жүкті әйел жерік кезінде иттерді айқайлап үркітпеуі керек болған. Сонымен қатар, жүкті әйелге түйенің етін жеуге тиым салған, себебі түйе сияқты баланы 12 айға дейін көтеруі мүмкін деген. Енелер «Жарыс қазан» рәсімін жасаған. Ол өз келінін тез босану үшін үйіне барлық құрбылары мен туыстарын шақырған. Пешке қазан қойып, сүт қайнатып, ет салған, үйдегі барлық сандықтарды ашып, құрт салынған қаптарды ағытып, барлық құлыптарды ашқан екен. «Қалжа» дәстүрі туыстар мен достардың ішінен тек әйел адамдар ғана шақырылады. Ол дәстүр жас қойдың мойын омыртқасының қайнатылған етін жеуге бергенін айтады. Тамақтан кейін сүйегін тастамаған жұлын өзегі арқылы таяқшаға іліп, қуыршақ тәрізді ақ

матамен орап, үйдің бұрышына іліп қойған. Бала басын ұстап үйренгенше оны алмаған. «Қырқынан шығару» рәсімі бойынша баланы қырқына дейін тұзды және тұщы суға кезектесіп шомылдырады, шашын, тырнағын алып, қырық қасық су құйып, ішіне күміс әшекейлер салып шомылдырады, бұл шараға әйел адамдар қатысады. Сонымен қатар «желке шашын» он үш жасқа келгенде алады. Дәстүрге сәйкес баланың есімін «Азан» шақырып, қырқынан шыққан соң үлкен ақсақалдар қойған. Тағы сол сияқты Сарыарқа қазақтарының дәстүрлі тамақтануы, құдалық, қоржын, құйрық-бауыр, киіт, сәукеле, жерлеу-ғұрыптық салты, жаназа т.б. қамтылған.

Э.М.Абдельдинова

ӘОЖ 39; 572.9

03.61.01.21.016. **Ұлы дала мұралары = Наследие Великой степи = The Heritage of the Great steppe:** Жылдық ғылыми басылым / жауапты ред. А. Оңғарұлы. – 2-шығ. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 256 б. – Қазақ, орыс, ағылшын тіл-де.

Бүгінгі таңда қазақ халқының материалдық емес мұрасын сақтау, қорғау, зерттеу мен насихаттау мәселелерінің аса өзектілігін ескере келе, бұдан былай басылымды Қазақстан мен көршілес елдердегі материалдық емес мәдени мұра саласындағы зертеулерге, сақтау мен қорғау шаралары мен насихаттау тәжірибелерін жариялайтын, талқылайтын алаңға айналдыруды жөн санап отырмыз. Басылым 2020 жылдан бастап тек электронды форматта, жылына бір мәрте шығарылатын болады.

Материалдық емес мәдени мұра (әрі қарай – МЕММ) - ұлттық мәдениеттің аса маңызды құрамдас бөлігі, ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің негізі. Ғасырлар қойнауынан бастау алатын осы ұлттық құндылықтарымызды жинақтау, зерттеу, сақтау, оларды қалпына келтіру мен қайта жаңғырту, қоғам арасында насихаттау ұлт болашағы үшін аса маңызды. Бүгінгі таңда ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне Қазақстанның тоғыз мәдени мұрасы, атап айтқанда: домбыра күйі, қазақ күресі, асық ату, айтыс, киіз үй тігу, құс салу (саятшылық), наурызды тойлау дәстүрлері, жұқа нан пісіру (қатырма/лаваш/жұпқа) және қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі әдет-ғұрыптары енгізіліп отыр.

МЕММ ұғымы төрт бағытты: ауызекі дәстүрлер мен орындаушылық өнер; әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, мерекелер; табиғат пен ғаламға қатысты наным-сенімдер және дәстүрлі қолөнерге қатысты білім мен дағдыларды қамтиды. Осы аталған төрт бағыт басылымның тұрақты айдарлары болмақ.

Жинақтың осы нөміріне аталған сала мамандарының ғылыми зерттеу қорытындылары, далалық этнографиялық зерттеулер нәтижесінде алынған тың деректері мен өзекті талдамалық жұмыстары енгізілген.

Басылым 6 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде дәстүрлі күй өнері, оның ішінде домбыра және қобыз күйлеріне арналған ғылыми мақалалар мен қазақ халқының ғұрыптық жанры теріс өлеңге қатысты далалық зерттеу нәтижелері топтастырылған. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық өнері – рухани мұраның ең бай қазынасы. Бөлімде дәстүрлі күй өнерінің зерттелу тарихына қысқаша шолу жасалып, күйшілік өнердің қазіргі жағдайы мен жаһандық дәуірдегі даму үдерістері туралы айтылады. Домбыра күйлері өз кезегінде екі түрлі тарту машығымен ерекшеленеді. Бірі – төкпе, екіншісі – шертпе күй үлгілері. Аталған бөлімнен шертпе күйлерінің тартылу ерекшелігі мен «шертпе» сөзінің этимологиясы жайында ақпарат ала аласыздар. Музыкада да ауыз әдебиетіндегі секілді тұрмыс-салт әндерінің болғаны белгілі. Бөлімде жоқтау ғұрыптық жанры жайында далалық зерттеулер нәтижесінде жинақталған тың ақпарат берілген.

Екінші бөлім дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдыларға арналған. Бұл бөлімде қазақ халқының, оның ішінде шетел қазақтарының халықтық қолөнеріне қатысты далалық этнографиялық зерттеулердің нәтижесімен қатар, Армения, Азербайжан және Өзбекстан секілді алыс-жақын шет елдердің мәдениеті мен қолөнері жайындағы ғылыми мақалалар жинақталып отыр. Сонымен қатар, өзбек халқының кілем тоқу дәстүріне ерекше мән берілген.

Үшінші бөлімде қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері қарастырылған. Бөлімде үйлену және қыз ұзату дәстүрлері мен қазақ халқының отбасылық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріндегі наным-сенімдер жайында далалық этнографиялық экспедиция материалдары негізінде құнды деректер жайлы мәліметтер берілген.

Төртінші бөлім табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптарға арналған. Аталған бөлімде қазақ халқының гидротехникалық білімінде көне заманнан белгілі шығыр құрылғысы туралы айтылады. Онда құрылғының түрлері, құрылысы мен оның халық шаруашылығындағы маңызы толық сипатталған. Қазақ жерінде шығырлар Сырдария, Нұра, Қаратал, Терісаққан, Кеңгір, Сарысу, Іле, Шу, Торғай өзендері, Ақкөл, Қорғалжын көлдері жағасында, Маңғыстауда, Форт-Шевченкода су көздері арнасының бойында егістік алқап пен бау-бақшаны суару үшін кеңінен қолданылып отырды. Сонымен қатар, халқымыздың ұлттық мейрамдары қарастырылған бұл бөлімде Маңғыстау өңіріндегі наурыз мерекесінің тойлану ерекшеліктеріне баса назар аударылып отыр.

Бесінші бөлімде материалдық емес мәдени мұра мәселелерімен айналысатын ұйымдар мен қоғамдастықтардың атқарған жұмыстарының нәтижелері мен МЕММ-ның музейдегі қызметі туралы материалдар топтастырылған. Осы бөлімде ЮНЕСКО-ның адамзаттың МЕММ-ның репрезентативтік тізіміне енген қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі әдет-ғұрыптары жайында толық ақпарат берілген. Сондай-ақ осы тізімге 2016 жылы енген қазақ халқының ғажайып өнерінің бірі – саятшылық өнері туралы құнды зерттеу жұмыстары енгізіліп отыр. Атап айтқанда, ұлттық спорт түрлерін насихаттап жүрген Республикалық Асық ату Федерациясы мен Дүниежүзілік және Республикалық Тоғызқұмалақ Федерациясының соңғы жылдардағы атқарған жұмыстары мен жеткен жетістіктері жайында ақпарат берілген.

Алтыншы бөлімдегі мұрагерлер туралы ақпараттан ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының 2017-2019 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан мен Қарағанды облыстарында материалдық емес мәдени мұраларды, соның ішінде музыкалық мұраларды ел арасынан жинақтау, құжаттау мен ғылыми айналымға енгізу мақсатында жүргізілген далалық экспедицияларының материалдарынан алынғандығы туралы баяндалады.

Басылым қазақтың және көршілес халықтардың материалдық емес мәдени мұрасын зерттеу, сақтау мен насихаттаудың өзекті мәселелеріне арналған.

Р.М. Күздеубаева

04 ӘЛЕУМЕТТАНУ

ӘОЖ 316

04.01.21.017. **Ауыл-селонның интеллектуалдық әлеуетін зерттеудің теориялық-методологиялық негізі** / А.С. Сарсенов // Қазақстанның аграрлық тарихының мәселелері: дәстүр, тәжірибе, әдіснама» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (12-13 желтоқсан 2019 ж.) / жалпы редакцияны басқарған Г. Кайргалиева. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019. –15-20 б.

Тарихтың ақиқатына қол жеткізу, оның тағылымы мен тәжірибесін дөп басып ұғыну қашанда адамзат баласының асқаралы міндеті болып келді. Бұл міндетті атқарудың

қиыншылығы да аз емес еді. Бірде тарихи фактілердің, ақпараттардың, құжаттар мен деректердің тапшылығы қиыншылық туғызса, келесіде жоғарыда аталғандардың жобадан тыс көп болуы ғылыми ойдың жинақталуына, жүйеленуіне кедергілер келтірді. Қазақстан жағдайында ұзақ уақыт бойына арнайы даярлығы бар ғалым тарихшылардың қалыптаспағаны да отандық тарих ғылымының ілгері басқан аяғын кері тартты. Халқымыздың өткенін зерделеген еңбектер орта ғасырларда-ақ жарық көргенмен, Қазақстанда тарих ғылымының шын мағынасында шаңырақ көтеруі, танымның арнайы саласына айналуы XX ғасыр ортасында жүзеге асқан еді.

Мақалада 1945 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрылуы, жоғары оқу орындары құрамында тарих факультеттерінің ашылуы, зерттеушілер шоғырының өсуі – бәрі объективті түрде ғылыми таным методологиясын түзуге әкелгендігі жайлы айтылады. Әрине, КОКП-ның өктемдігі жүріп тұрғанда ол методология маркстік-лениндік қағидаларға ғана сүйенуге тиісті еді. Социалистік идея күйрей жеңіліс тапқан бүгінгі таңда жақсы менен жаманды айырмаған дүрмекке ілесіп, маркстік-лениндік таным теориясы басынан аяғына дейін қауқарсыз, тарих ғылымын қалыптастыруға, өрге сүйреуге қабілетсіз еді деген ойдан аулақ екендігі туралы айтылған. Зорлыққа, жалған ілімге құрылған қоғам ғұмыры ұзаққа созылмады. 1991 жылдың күзінде КОКП-ның тарих сахнасынан кетуі КСРО-ның ыдырауын тездетсе, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы арқасында ұлттық тарих ғылымы методологиялық ұстанымдарды түбегейлі жаңартуға мүмкіндік алғандығы жайлы айтылады.

Сонымен, бұрынғыдан өзгеше бүгінгі зерттеу методологиясы дегеніміз не? Автор тарихи зерттеу методологиясы деген ақиқатқа қол жеткізу үшін қолданылатын ғылыми әдіс-тәсілдердің жиынтығы әрі кәсіптік, әмбебап ұстанымдарды басшылыққа алумен білікті және деректі қисынды ұштастыру негізінде өткеннің болмысын, өрбу заңдылығын, тағылымын шынайы да кешенді тану деп айтып өтеді. Таным – шексіз үрдіс. Ендеше біздің бүгін қолданған әдіс-тәсіліміз, ұстанымымыз ертең жаңаларына, пәрмендірегіне орын беруі әбден заңды екендігіне тоқталды.

Кез келген тарихи құбылыстың, оқиғаның дамуы белгілі бір уақыт пен кеңістік шеңберінде жүзеге асады. Уақыт объективті сипатқа ие. Ол ешқашан тоқтамақ емес. Қандай кезең болса да уақыт алға баса береді. Уақыт пен кеңістікті категория, ұстаным дәрежесінен биіктетіп, зерттеу методологиясы ретінде алға тартқанда бұл екеуінің ауыл-селодағы интеллектуалдық әлеуетті, этномәдени өзгерістерді оң тануға тікелей қатысы бар.

Біріншіден, ауыл-селодағы өмір көп жағдайда еңбек үдерісінің маусымдық сипатына бағынышты. Көктемгі егіс, жазғы қарбалас, күзгі жиын-терін, қысқы өліара – бәрі кешегі кеңестік жылдары мектептегі мұғалім мен оқушының, трактор мен комбайн тізгінін ұстаған механизатордың, бітік егін үшін жауапты агрономның, жайлаудағы немесе қыстаудағы малшы мен зоотехниктің, кітапхана мен клубтағы оқырман мен көркемөнерпаз үйірмесі мүшесінің өмір ырғағын, көңіл-күйін, кәсіби ой-өрісін, үміті мен күдігін, жұмыс күнінің ұзақтығы мен демалысын жүйеледі.

Екіншіден, ауыл-селодағы уақыт пен кеңістік қаладағыдай сығымдалмаған, тарылмаған, сонысымен адамдарды бір-бірінен алшақтатпайды, шашыратпайды. Шашыраңқы қоныстану, шағын топтармен еңбек ету, мәдени-рухани сұраныстан кемшін түсіп жатуы ауыл-село тұрғындарының аралас-құраласқа қажеттілігін арттырады, салт-дәстүрді ұзағырақ сақтауға негіз болады. Мүмкін осыдан да болар, ауыл-селолардағы ұлтаралық қатынастар қанша әділетсіздікке тап болса да, теке-тіреске, жанжалға ұласа бермейді. Айтатын болсақ, Қазақстанға депортацияланған жүздеген мың басқа ұлт өкілдері қазақ ауылдарында жылы жүзбен қабылданып, өзінің екінші Отанын тапты.

Ауыл-селоның интеллектуалдық әлеуетін, мәдени болмысын жүйелілік принципі тұрғысынан зерттеу таным объектісін материалдық-заттай және әлеуметтік субъект жиынтығы ретінде ой елегінен өткізумен жүзеге асырылды. Интеллектуалдық әлеует, мәдениет қанша күрделі болғанымен, оның басты факторы адам, бірінші кезекте ауыл-село мамандары мен оқығандары екенін дәйектеу жүйелілік принципінің қарымын ашты.

Тарихилық принципі ауыл-селодағы этномәдени ахуал мен интеллектуалдық әлеуеттік қалыптасу жолдарын, кезеңдерін, соңғы екеуінің арасындағы тұтастық пен

байланыс табиғатын анықтағанда, сандық өзгерістердің сапалық өзгеріске ұласуын зерделегенде көмекке келді. Ол интеллектуалдық әлеует, мәдениет өсіп-өнген тарихи органы, аграрлық экономикамен, рухани өмірмен, этномәдени үдерістермен ықпалдастықты объективті зерттеуге жетеледі.

Отандық тарих ғылымының жаңа методологиясы енді қалыптасып келеді. Тұлғатану, тарихи демография, социалистік модернизациялау, ұлттану, мәдениет методологиясын дәйектеуге М. Қозыбаев, М. Асылбеков, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Ж. Қасымбаев, К. Нұрпейісов, Қ. Әбжанов, Ж. Абылхожин, А. Алтаев қосқан үлестің бағасы зор. Мәселен, төл тарихымыздың тамыршысы М. Қозыбаев тәуелсіздік тұсында жариялаған «Тарих зердесі» атты кітаптарында методологияға қойылатын бірінші міндет бұзылған тарихи сананы жаңаша қалыптастыру, ол өмір мүддесінен, тәуелсіз мемлекет мүддесінен туындауы керек деп әлденеше рет қадап-қадап көрсетті.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 316.6(075)

04.01.21.018. **Жас отбасындағы жұптардың өзара бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері** : монография / Г.К. Айкинбаева, А.М. Умирзакова ; Л.Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық ун-ті. – Алматы : Лантар Трейд, 2019. – 116 б.

Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Үйлену, өз алдына отау тігіп, түтін түзету ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тарихи салт, құбылыс. Қазақ халқында «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деген сөз бар екені баршаға мәлім. Халықтың өсіп-өнетін отбасы – бұл жас жұбайлардың шаңырағы. Әрбір отбасының мәдениеті сол өзінің еліне, конфессиясына және мемлекетіне байланысты. Осы әдет-ғұрып, мәдениет тек жаңа туған нәрестеге ғана қатысты емес, сонымен қатар жаңа отау тіккен жастарға да байланысты.

Ғылыми басылымда жас отбасындағы жұптардың өзара бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері, Қазақстан Республикасындағы отбасы саясаты, жас отбасы және оның қызметтері, құрылымы, некелік отбасылық қатынастар, АХАЖ – мәліметтеріне талдаулар, жас отбасындағы жұптардың өзара бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу туралы ғылыми деректер жинақталып отыр.

Жас отбасындағы жұптардың өзара әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері, қатынасы қазіргі таңдағы аса маңызды қоғамдық-саяси мәселелердің бірі болып отыр. Отбасы – халықтың өсіп-өркендеуінде, өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінде, ата-бабаларымыздың мұра еткен саяси-әлеуметтік тәрбие мен мәдени құндылықтарды жеткізуде маңызды рөл атқаратын қоғамның құрамдас бір бөлігі. Отбасы өмірі рухани және материалдық үрдістермен сипатталады. Отбасы арқылы адамдардың ұрпақтары ауысып, адам дүниеге келеді, ол арқылы тұқым жалғасады. Отбасын құру екі адамның өміріне де үлкен өзгерістер алып келеді.

Бұл монографияда тақырып ауқымды үш тарауға топтастырылып, жан-жақты қарастырылып отыр. Бірінші тарауда жас отбасындағы жұптардың бірге өмір сүруіндегі әлеуметтік-психологиялық бейімделудің әдіснамалық негіздері, оның ішінде: Қазақстан Республикасындағы отбасы саясатының ерекшеліктері мен мәселелері, қазіргі кездегі жас отбасы және оның қызметтері мен құрылымы, отбасы және неке психологияның зерттеу нысанасы ретінде айтылып отыр.

Екінші тарауда жас отбасындағы жұптардың некелік отбасылық қатынастары және АХАЖ мәліметтеріне талдау: жас отбасындағы жұптардың өзара сәйкестігі және неке отбасылық қатынастардың тұрақтылығы, жас отбасылар мен жұптардың арасындағы сәтті және сәтсіз қарым-қатынастары, АХАЖ – жас отбасының некеге тіркелуі туралы статистикалық мәліметтерге талдау арқылы баяндалуда.

Үшінші тарауда жас отбасындағы жұптардың өзара бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу: зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуы мен зерттеу әдістемелерінің сипаттамасы, эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне талдау, жас отбасындағы жұптардың өзара бейімделуінің әлеуметтік-

психологиялық ерекшеліктерін дамыту мен тұрақтандыруға бағытталған тренинг, психодиагностикалық әдістемелер арқылы түсінік берілген.

Қазақстан Республикасының 2050 стратегиялық бағдарламасында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев мынадай мәселелерді қолға алу туралы тұжырымдарды белгілеген: «Сіздер – отбасының, демек, мемлекеттің тірегісіздер. Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Қазақстан – зайырлы мемлекет. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет, қоғамға өз бетімен біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін әлдебір қоғамдық нормаларды тықпайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұратын болады».

Қорыта келгенде, ғылыми басылым барысында қарастырылған мәселе болашақта өз жалғасын табады деген тұжырыммен, алынған және қарастырылған теориялық және тәжірибелік зерттеу нәтижелері жас отбасындағы жұптардың өзара бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін дамыту мен тұрақтандыруға бағытталған тренингтерді, статистикалық кестелерді, тест сұрақтарын, психодиагностикалық әдістемелерді жан-жақты қолдануға болады.

Ғылыми басылымның басты құндылығы төл тілімізде жазылып, заманауи мәліметтер мен статистикалық көрсеткіштермен толықтырылуында, пайдаланылған дерек көздерінің тізімі көрсетілген.

Р.М. Күздеубаева

10 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ. ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 34

10.01.21.019. **Қазақ Ата заңдарының інжу-маржандары** : оқу құралы / Ж.С. Әлдибеков. – Алматы : «Издательство LEM», 2020. – 240 б.

Бұл ғылыми-анықтамалық және сараптамалық жинақтың негізгі мәні мен мақсаты – бірнеше ғасырлар бойы қазақ дәстүрлі қоғамының рухани-құқықтық өмірінің айнасы іспеттес болып, халықтың қатал сыны мен сұрыптауынан сүрінбей өтіп, көшпелі өркениеттің өмір сүру салт-дәстүріне толық сәйкес келетін дала демократиясының әділ сот құрылымының өзегіне негіз болған, қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде дәстүрлі қоғамдағы сан алуан қоғамдық-саяси және құқықтық мәселелерді реттеуде аса маңызды рөл атқарған, кезінде Қазақ Ата заңдарының (құқығының) негізгі жарғылары болып есептелген Майқы бидің, Қасымханның, Есімханның, Әз-Тәукенің құқық жүйесін және халық арасына кеңінен таралып, құқықтық маңызға ие болған мақал-мәтелдерді, данагөйлік, шешендік, нақылдық сөздерді, дара тұлғалардың афоризмдерін, атақты билердің үлгілі соттық шешімдерін кешенді түрде сұрыптау, сараптау және салыстыру арқылы оқырманға таныстыруды көздеп отыр.

Оқу құралында автор құқықтық маңызға ие болған материалдарды шартты түрде сегіз бөлімге жіктеп қарастырған.

1. Қазақ Ата заңдарының (құқығының) қайнар көздері мен ерекшеліктері бөлімінде Қазақ Ата заңдарының шығуы мен бастауы, Жарлық, Шешім, Кесім, Бітім, Қазақ Ата заңдарының ұғымы жөнінде айтылып отыр.

2. Қазақ Ата заңдарының (құқығының) негізгі жарғылары – Майқы бидің «Жеті заңы», Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», әз-Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдары бөлімінде әр заңның шығу, жетілу, даму тарихы мен мазмұнына жеке тоқталып өткен.

3. Дәстүрлі қоғамдағы құқықтық мәдениет және оның ерекшеліктері деген бөлімде халқымыздың дәстүрлі құқықтық мәдениетінде аса жоғарғы деңгейде ізгілік (гуманизм) нормалары орын алған. Бұл нормаларда қайырымдылықтың молдығы, шынайы мейірімділік пен кең пейілділік белгілері байқалады.

4. Бұл бөлімде ар-ұят, әдеп, ақыл, адалдық туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер және ойшылдардың қанатты сөздері жарияланған.

5. Әділдік, әділеттілік, шындық, ақиқат, заңдылық туралы айып, кінә туралы құқықтық мәні бар мақалдар, нақыл сөздер, прецеденттік ой-тұжырымдар топтастырылған.

6. Айғақ, куә, дау, құн, айып, қылмыс, күнә, жаза, бітім, дәлел туралы прецеденттік тұжырымдар, мақал-мәтелдер және шариғат ережелері берілген.

7. Билер, хандар және билік, сот әділдігі, әкімдер мен әкімгершілік, басқару өнері туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, құқықтық қағидалар жөнінде айтылған.

8. Соттар мен судьялардың этикасы және қылмыстық әрекеттер жайында әр елдің мақал-мәтелдерінен, нақыл сөздерінен қысқаша үзінділер қарастырылған.

Бұл оқу құралы заңгерлік оқу орындарының білімгерлеріне, магистранттарына, оқытушыларына және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне ұсынылып отыр.

Р. М. Күздеубаева

11 САЯСАТ. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР

ӨОЖ 32

11.01.21.020. **Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу = Преимственность. Справедливость.**

Прогресс : Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы наурыз - 2020 жылғы наурыз аралығында сөйлеген сөздері, сұхбаттары мен мақалаларының жинағы. 1-4 том / Қ. Тоқаев ; ҚР Президенті Баспасөз қызметі ; жетекшісі Б. Уәли. – Нұр-Сұлтан : Баспа-полиграфиялық орталығы, 2020. – Т. 1. – 432 б.; Т. 2. – 320 б.; Т. 3. – 224 б.; Т. 4. – 192 б.

Жинақта Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы наурыз – 2020 жылғы наурыз аралығында сөйлеген сөздері, мәлімдемелері, мақалалары мен сұхбаттары хронологиялық тәртіппен төрт томға жүйеленіп енгізілген:

Жалпыұлттық іс-шараларда сөйлеген сөздер; Өңірлерге жасаған жұмыс жоспары барысында сөйлеген сөздері; Сыртқы саяси жиындарда сөйлеген сөздері; Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалары мен сұхбаттары. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының еліміздің өңірлеріне, шет мемлекеттерге жасаған сапары барысында өткен жалпыұлттық шаралардағы сөйлеген сөздері, отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне берген сұхбаттары мен әртүрлі басылымдарда жарияланған мақалалары берілген.

Бірінші кітапқа Қ. Тоқаевтың елімізді дамыған елдердің қатарына қосу мақсатымен қолға алған бастамалары және халықтың жарқын болашағы үшін жүзеге асырылатын жобалар туралы ой-пікірлері, мемлекеттің алдында тұрған басым бағыттары мен міндеттерін айқындауға арналған жалпыұлттық іс-шараларда сөйлеген сөздері енгізілген.

Екінші кітапқа Мемлекет басшысының өңірлердегі жұртшылықпен кездесу өткізіп, ел мен жердің тағдыры, саяси өзгерістер, экономикадағы серпін, әлеуметтік жауапкершілік және басқа да қоғам өмірі туралы ой-толғамдары, еліміздің алдында тұрған басым бағыттар мен міндеттер жөнінде сөйлеген сөздері топтастырылған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатымен қолға алынған бастамалары туралы баяндалған.

Үшінші кітапқа Қазақстан Президентінің шет мемлекеттердің басшыларымен кездесулерде, әлемдік саммиттер мен халықаралық форумдарда сөйлеген сөздері жүйеленіп топтастырылған. Қ. Тоқаев Қазақстан Президенті қызметіне кіріскеннен кейін бірнеше айдың ішінде Ресей, Қытай, АҚШ және Еуразияның басқа да көптеген елінің көшбасшыларымен байланыс орнатып, шет елдерге бірнеше мемлекеттік, ресми және

жұмыс сапарын жасады. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай Ғылым-техникалық Ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Еуразиялық экономикалық одақ, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының саммиттеріне қатысты. Аталған жиындарда халықаралық саясаттағы Қазақстанның орны, ұстанымы туралы мәлімдемелер жасалған. Қ. Тоқаевтың еліміздің көпжақты сыртқы саяси ұстанымдырына байланысты ой-пікірлері, халықаралық маңызы зор әлемдік сыртқы саяси жиындарда сөйлеген сөздері енгізілген.

Төртінші кітапқа Қазақстан Президентінің бір жыл ішіндегі отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалары мен сұхбаттарында, БАҚ өкілдері үшін өткізген брифингтерде еліміздің шет мемлекеттермен арасындағы байланыстарға, халықаралық және ішкі саяси мәселелерге қатысты айтқан ой-толғамдары енгізілген.

